

#КүшімізБірлікте

Халқымыздың береке-бірлігі мен тыныштығын бұзуда жол бермейміз. Бұл – биліктің ғана емес, барша азаматтарымыздың ортақ борышы.

Қасым-Жомарт ТОҚАЕВ.

ОРТАЛЫҚ АЛАҢ



ЖАРҚЫН БОЛАШАҚҚА НЕГІЗ БОЛҒАН САПАР

4

МӘСЕЛЕ



БАСПАНАЛЫ БОЛАМ ДЕСЕҢІЗ...

8

#ЕКПЕАЛ



KAZHYDROMET.KZ

Алматы қаласы бойынша
ауа райы болжамы
(бүгін және ертең)

15.02.2022

Түнде:



-3-5 °C
Көшпелі бұлтты,
кей уақытта
жауын-шашын (қар)

Күндіз:



-3-5 °C
Көшпелі бұлтты,
кей уақытта
жауын-шашын (қар)



Желдің жылдамдығы:
2-7 м/с

16.02.2022

Түнде:



-8-10 °C
Көшпелі бұлтты,
кей уақытта қар, тұман.

Күндіз:



-8-10 °C
Көшпелі бұлтты,
кей уақытта қар.



Желдің жылдамдығы:
2-7 м/с

МЫҢ ЖАСАҒАН ШАҒАРДЫҢ ШАМШЫРАҒЫ



Газет 1988 жылдың 1 шілдесінен бастап шығады | www.almaty-akshamy.kz | №17 (6152) 15 ақпан, сейсенбі, 2022 жыл.

ӘКІМ

БАСТАМАЛАР БАЯНДЫ БОЛАДЫ

Алматы қаласының әкімі Ерболат Досаев жұмыс сапарымен Түрксіб ауданында болды



Ауданды аралау барысында абаттандыру, соның ішінде Оқушылар үйінің жанында орналасқан скверді реконструкциялау және жаңа рекреациялық аймақтарды құру бойынша жобалар таныстырылды.

3

САҚ БОЛЫҢЫЗ!

ЖҰҚАЛТАҢ МҰЗ ҚАУІПТІ



Суретті түсірген Самат СЕРІКБАЙҰЛЫ.

Төтенше жағдайлар департаменті Алматы қаласы бойынша қысқы мерзімде қауіп төндіретін 10 су қоймасының тізімін жасап, қауіпсіздік ережелерін сақтауға шақырды.

10

ҚЫСҚА...

- «Болашақ» бағдарламасы аясында «Әдебиет» аталымы бойынша мамандықтар саны көбейтіледі.
- Алматыда шахматтан ел чемпионаты өтеді.
- Коронавирустың «дельтакрон» атты жаңа штаммы анықталды.
- Германияда президент Франк-Вальтер Штайнмайер қайта президент болып сайланды.
- Елде ауа температурасы 27 градусқа дейін төмендейді.
- Алматыда 207 мыңнан астам адам ревакциналаудан өтті.
- Берік Уәли «Қазақстан» РТРК» АҚ Директорлар кеңесінің төрағасы болып сайланды.

www.almaty-akshamy.kz



ГАЗЕТТІ ЖЕТКІЗУ БОЙЫНША ШАҒЫМДАР БОЛСА,
«Қазпошта» АҚ Алматы почтамтына
259-88-99 (ішкі 20500, 20018) телефондары бойынша хабарласыңыз!





Қасым-Жомарт ТОҚАЕВ:

БҰЛ – НАҒЫЗ ҚАСІРЕТ

Президент қаңтар оқиғасы кезінде қайтыс болған азаматтардың рухына Құран бағыштау рәсіміне қатысты



Мемлекет басшысы
Хазірет Сұлтан мешітіне барып,
қаңтар оқиғасы кезінде қайтыс
болған азаматтардың рухына
Құран бағыштау рәсіміне қатысты.
Қасым-Жомарт Тоқаев Құран бағышталған соң арнайы сөз сөйледі. Қазақстан Президенті биылғы жыл еліміз үшін қайғылы оқиғадан басталғанын, халқымыз өте қиын күндерді бастан өткергенін айтты.

– Мемлекетіміздің тұтастығына, азаматтарымыздың қауіпсіздігіне, еліміздің болашағына қауіп төнді. Біз лаңкестерге дер кезінде тойтарыс беріп, бетін қайтардық. Өкінішке қарай, дүрбелеңде бірқатар азаматымыз қаза тапты. Бұл – нағыз қасірет. Қазіргі таңда тиісті мекемелер азаматтардың әрбір ісі бойынша тергеу жұмыстарын жүргізіп жатыр. Адам құқығын қорғау мәселесі мен үшін аса маңызды. Қайғылы жағдай бүкіл елдің қабырғасын қайыстырды, – деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Мемлекет басшысы осыған байланысты Жалпыұлттық аза тұту күні жарияланғанын еске салды.

– Сол қасіретті оқиғадан бері 40 күн өтті. Бүгін марқұмдардың рухына Құран бағыштау үшін мешітке арнайы келдім. Қаза болған адамдардың жақындарына тағы да көңіл айтамын. Мемлекет қаралы шаңырақтарды қараусыз қалдырмайды. Мен

қайтыс болған азаматтардың отбасыларына қаржылай көмек көрсетуді тапсырдым, – деді Президент.

Қасым-Жомарт Тоқаев «Қазақстан халқына» қоры да осы қайырымдылық жұмысқа атсалысады деп ойлайтынын, енді халқымыздың тыныштығын бұзуға жол берілмейтінін жеткізді.

– Халқымыздың береке-бірлігі мен тыныштығын бұзуға жол бермейміз. Бұл – биліктің ғана емес, барша азаматтарымыздың ортақ борышы. Мұндай қасірет ешқашан болмасын!», – деді Мемлекет басшысы.

Сөзінің соңында Президент Қазақстан халқына сабыр, елімізге амандық, жұртымызға тыныштық тіледі. Сонымен қатар, өскелең ұрпақ үшін тұтас ел болып Жаңа Қазақстанды бірге құруға шақырды.

«АҚШАМ-АҚПАРАТ».

АЗАМАТТАРДЫҢ ҚҰҚЫҒЫН ҚОРҒАУ – БІРІНШІ КЕЗЕКТЕГІ МІНДЕТ

Мемлекет басшысы Қауіпсіздік Кеңесінің
шұғыл кеңесін өткізді

Ақордада Қазақстан Республикасы Президентінің төрағалығымен Қауіпсіздік Кеңесінің шұғыл кеңесі өтті. Жиында ұлттық қауіпсіздіктің бірқатар өзекті мәселесі қарастырылды. Қауіпсіздік Кеңесінің Төрағасы Қасым-Жомарт Тоқаев өз сөзінде азаматтардың конституциялық құқығын қорғау бірінші кезектегі міндет екенін атап өтті.

Ұсталғандарды азаптау туралы әрбір
хабарлама жіті тексеріледі

Бас прокурор Ғизат Нұрдаулетов «қасіретті қаңтар» оқиғасына қатысты тергеу жұмыстарының барысы туралы баяндады. Оның айтуынша, қазіргі уақытта 3024 қылмыстық іс бойынша тергеу амалдары жүргізілуде. Арнаулы прокурорлардың басшылығымен ведомствоаралық тергеу тобы жаппай тәртіпсіздіктер мен террорлық актілер бойынша 177 істі қарап жатыр.

Прокуратура органдарының мәліметі бойынша 779 адам қамауда отыр. Олардың арасында ұйымдасқан қылмыстық топтардың 24 мүшесі бар. 113 адам кісі өлтіру, ұрлық, тонаушылық және қарақшылық әрекеттері үшін бұрын сотталған. Ұсталғандардың тұлғалары анықталған соң, сондай-ақ денсаулық жағдайларына байланысты және басқа да материалдар бойынша 109 азаматтың қамауға алу жазасы кетіп қалмау жөніндегі қолхатпен және жеке кепілдік берумен алмастырылған. Прокурорлар азаматтардың тәртіпсіздікке қатысы бар екені дәлелденбегенін негізге ала отырып, тағы да 103 адамды босатқан. Ұсталғандарды азаптау туралы әрбір хабарлама жіті тексеріледі.

Азаптау және билігін асыра
пайдалану дерегі бойынша
170 қылмыстық іс қозғалды

Прокурорлар адвокаттармен, құқық қорғаушылармен және Адам құқықтары жөніндегі уәкілмен әрдайым байланыста. Оларға тергеу изоляторларына, уақытша ұстау изоляторларына және ұсталу себебін анықтайтын арнаулы орындарға кіруге мүмкіндік берілген. Жалпы, прокуратураға ұсталғандар тарапынан 305 шағым түскен. Құқық бұзушылыққа қатысты 62 шағым расталмады. Азаптау және билігін асыра пайдалану дерегі бойынша 170 қылмыстық іс қозғалды. «Әрбір істі егжей-тегжейлі тексереміз және бұлтартпас дәлелдер болған жағдайда ғана кінәлілерді жауапкершілікке тартамыз, – деді Бас прокурор. Сонымен қатар, кеңесте Ұлттық Қауіпсіздік Комитетінің төрағасы, Ішкі істер министрі, Қорғаныс министрі және Премьер-Министрдің орынбасары – Сыртқы істер министрі баяндама жасады.

Президент кеңесті қорытындылай келе, қаңтар оқиғасы бойынша мұқият және шынайы тексеру жүргізу, ұсталған азаматтардың құқығын қорғау, тексеру барысы туралы халыққа уақытылы ақпарат беру жөнінде мемлекеттік органдарға тапсырма берді.

«АҚШАМ-АҚПАРАТ».



ҚҰРБАҢДАРҒА ҚҰРАН БАҒЫШТАЛДЫ

Қасіретті қаңтар оқиғасына – 40 күн. Алматы қаласының әкімі Ерболат Досаев қаланың Орталық мешітіне барып, Қаңтар қасіретінде қаза тапқандардың рухына Құран бағыштап, тірілердің тіршілігі үшін құрбандық шалды.

Бұл туралы ҚР Парламенті Мәжілісінің депутаты Жанарбек Әшімжан facebook-тегі парақшасында жазды.

«Бүгін таңғы сағат 8-де Алатаудың басын мұнар, бауырын өрт шалған осы қасіретті оқиғаның 40 күндігіне байланысты Алматы қаласындағы Орталық мешітте әруақтарға бағыштап Құран оқылып, елдің ертеңі үшін тілек тілеп, Жаратқанға са-

лауат айтылыпты. Шаһардың жаңа басшысы Ерболат Досаев 40 күндікке арнап әруақтардың рухына Құран бағыштап, тірілердің тіршілігі үшін құрбан шалыпты, ниет қабыл болсын!», – деп жазды депутат.

Қаңтар оқиғасының 40 күндігіне орай Қазақстан азаматтары сол қасіретті күндері қаза тапқандарды еске алды.

«АҚШАМ-АҚПАРАТ».



ӘКІМ

БАСТАМАЛАР БАЯНДЫ БОЛАДЫ



Ақтолық
ТҮРЛЫҒАЗЫ

(Басы 1-бетте)

Мегаполис әкімі Ерболат Досаев Түрксіб ауданының проблемалық мәселерімен және даму перспективаларымен танысты. Шаһар басшысы Түрксіб ауданындағы жұмыс сапарын «Әлмерек» шағынауданынан бастады.

Мұнда қазіргі кезде әлеуметтік инфрақұрылымды дамытуға қатысты мәселелер өткір тұр. Жеке тұрғын үйдегі жұмыс істеп тұрған дәрігерлік амбулатория (1980 ж. с.) санитарлық нормаларға сай емес және жөндеуге мүлдем келмейді, ал 300 оқушы орынға есептелген №195 жалпы білім беретін мектеп күн сайын 741 оқушыны қабылдайды. Көшпелі кеңес барысында қала әкімі күн тәртібінде тұрған мәселелерді шешу жөніндегі ұсыныстармен танысты. Жайлы қалалық орта басқармасына мүдделі мемлекеттік органдармен бірлесіп, ағымдағы жылы медициналық нысанның құрылысын жобалауды бастау және басқа да әлеуметтік нысандардың: балабақшаның, спорт және балалар алаңдарының құрылысын одан әрі жүргізу мәселесін пысықтау, сондай-ақ №195 мектепке 450 орынды қосымша нысанның құрылысын жобалау мерзімін жеделдету және ағымдағы жылы құрылысты бастау туралы тапсырмалар берілді.

Тұрғындарды орталықтан сапалы сумен және су бұрумен қамтамасыз ету мақсатында биыл шағынауданда инженерлік желілердің II кезеңінің құрылысы басталады. Сумен – 287, су бұрумен 519 үйді қамту жоспарлануда.

Жұмыс сапары барысында қала әкімі «Авиатор» стадионының аумағын аралап көрді. Спорт нысаны 3 гектар аумақта орналасқан, ал оның басым бөлігі бос. Осыған байланысты дене шынықтыру-сауықтыру кешенін жобалауды бастау туралы шешім қабылданды, оның секцияларына «Нұршақсан», «Әлмерек» шағынаудандарының, сондай-ақ Әуежай маңындағы



тұрғын үй алабының балалары тегін бара алады. Сондай-ақ, жұмыс істеп тұрған стадионды жаңғыртуға ерекше назар аударылады: көрермендер трибуналары мен киім ауыстыратын бөлмелер бойынша жұмыстар жүргізіледі, жүгіру жолы салынады.

Сондай-ақ, қала басшысы Огарев көшесіндегі жұмыс істемейтін бұрынғы ведомстволық балабақшаның аумағын пайдалану жоспарларымен танысты, оның жер көлемі 2 гектардан асады. Қазіргі кезде әрқайсысы 160 орынды мемлекеттік заманауи балабақша мен балалардың даму және шығармашылық орталығының құрылысы жобалануда. Осы шағынауданда 400-ге жуық бала кезекте тұр, ал мұнда 280 орындар бір ғана №185 мемлекеттік балабақша бар. Осыны ескере отырып, қала әкімі жобалау жұмыстарын ағымдағы жылдың III тоқсанының соңына дейін аяқтау әрі іске асыру бойынша тапсырма берді.

Е.Досаев «Қайрат» шағынауданындағы 41 көпөтерлі тұрғын үйдің, 1500 оқушыға

арналған жалпы білім беретін мектептің құрылысымен, емхана мен балабақшаны жобалау барысымен танысты. Ағымдағы жылдың соңына дейін мектепті пайдалануға беру, үйлердің құрылысын аяқтау және ағымдағы жылы емхана мен балабақша бойынша құрылыс-монтаж жұмыстарын бастау жоспарлануда.

Сумен жабдықтау және кәріз мәселелеріне ерекше назар аударылды. Өткен жылы мұнда сумен жабдықтау және кәріз желілерінің құрылысы бойынша негізгі жұмыстар аяқталды. Алайда, бүгінде 200-ге жуық үй жобаға әлі кірмеген. Қаланың Энерготиімділік және инфрақұрылымдық даму басқармасына абоненттерді желілерге қосу жұмыстарын үстіміздегі жылдың шілдесіне дейін аяқтау және инженерлік желілердің құрылысына кірісу тапсырылды.

Мегаполис басшысы 30-жылдары салынған, мемлекеттік тілде оқытатын №59 мектеп-гимназиясында болды. Қазіргі кезде жобалық қуаты 860 орынды мектепте

1251 оқушы білім алуда. Ағымдағы жылдың ақпан айында мектеп-гимназияның жанынан қосалқы нысан салу жөніндегі жобалық құжаттама мемлекеттік сараптаманың қорытындысын алды. Қалалық Жайлы орта басқармасына реконструкциядан соң спорт алаңын абаттандыру үшін тиісті аумақты кеңейту тапсырылды.

Сондай-ақ, қала әкімі ескі үйлерді реновациялау аясында салынып жатқан үйлердің құрылыс барысымен танысты. Сауранбаев, Молдағалиев, Чернышевский, Толстой көшелерінің шаршысында 4 үй бұзылып, 3 үй салынды, 7 үйдің құрылыс жалғасуда. Жалпы, Түрксіб ауданындағы 606 үй реновация бағдарламасына жатады, бұл Алматы қаласындағы ескі тұрғын үйлердің жалпы санының 50%-ын құрайды.

Шаһар басшысы Түрксіб ауданының әкімі Б.Ақжаровтың жұмысын мақұлдады және «Шетсіз қала» бағдарламасы аясында ауданды одан әрі дамыту бойынша бірқатар нақты тапсырмалар берді.

КЕЗДЕСУ

Халықтың табысы артады

Ұлттық экономика министрлігі Президенттің бастамаларын іске асыру жөніндегі Үкіметтің 2022 жылға арналған іс-қимыл бағдарламасын әзірлеу бойынша белсенді жұмыс жүргізіп жатыр. Бұл туралы аталған ведомствоның баспасөз қызметінен мәлім етті.



Айжан
ШАЛАБАЙҚЫЗЫ

Кеше Премьер-Министрдің орынбасары – Сыртқы істер министрі Мұхтар Тілеубердінің шет мемлекеттердің Қазақстандағы елшілерімен кездесуі барысында Ұлттық экономика бірінші вице-министрі Тимур Жақсылықов Қазақстандағы қаңтардағы қайғылы оқиға аясындағы экономикалық жағдай мен еліміздегі соңғы экономикалық бастамалар туралы баяндады.

«Өткен жылы экономикалық өсу серпінді траекторияға шықты. Бастапқы 3,1% болжамнан асып түскен нақты ДЖӨ 4%», – деді Т.Жақсылықов. Қазіргі уақытта Ұлттық экономика министрлігі Президенттің бастамаларын іске асыру жөніндегі Үкіметтің 2022 жылға арналған іс-қимыл бағдарламасын әзірлеу бойынша белсенді жұмыс жүргізуде. Құжатта Үкіметтің инклюзивтік экономикалық өсуді ынталандыру, макроэкономикалық тұрақтылықты қамтамасыз ету, кәсіпкерлікті дамыту жұмысы нақтыланады. Оның айтуынша, ҚР ҰЭМ Халықтың табысын арттыру бағдарламасын әзірлеуде. Осы ретте кедейшілік пен жұмыссыздық бойынша нақты жағдайды талдау негізінде жүйелі іс-

шаралар жоспарланған. Бұдан басқа, Президент тапсырмасына сәйкес, Министрлік квазимемлекеттік сала субъектілерін түбегейлі реформалау ұсыныстарын әзірлеуде.

Т.Жақсылықов атап өткендей, Ұлттық экономика министрлігі еліміздегі әлеуметтік-экономикалық жағдайды тұрақтандырудың жедел іс-шаралар жоспарын қабылдаған. Ол азаматтар мен кәсіпкерлердің қауіпсіздігін, оларды жан-жақты қолдауды, сондай-ақ әлеуметтік-экономикалық жағдайды тезірек орнықтыруды көздейтін бірқатар шұғыл және қысқа мерзімдік шаралардан тұрады.

«Бұл жоспар мемлекеттік органдардың таяу айлардағы тиісті тапсырмаларды орындауын үйлестірімек. Оны іске асыру арқылы елдегі экономикалық жағдайды жедел қалыпқа келтіріп, қалыпты жағдайға ораламыз», – деді бірінші вице-министр.

«Қаңтардағы қайғылы оқиғалар жылдық экономикалық өсуге айтарлықтай әсер етпейді. Өйткені, экономикалық белсенділік уақытша және тек жекелеген өңірде ғана бұзылды. Зардап шеккендерге, оның ішінде шағын және орта бизнеске, жеке кәсіпкерлерге әрі халыққа қажетті көмек көрсетіліп жатыр», – деді Тимур Жақсылықов.

ЭКОПОСТ



Бекеттер қалпына келтірілуде

Алматыда ауа, топырақ, су және радиация мөлшері сынамаларының талдауын жинауға қажетті стационарлық-экологиялық посттарды қалпына келтіру жұмыстары басталды.



Айжан
БҮРКІТБАЕВА

Алматы қаласы Жасыл экономика басқармасынан хабарлағандай, бүгінгі таңда 13 экопосттың жұмысы қалпына келтірілді. Қалған 6 экопост ақпан-наурыз айларының соңына дейін жұмысын бастайды. Көктем мезгілі басталысымен жылжымалы экологиялық бекеттер де өз жұмысын бастамақшы.

Алматыда қаңтар оқиғалары кезінде бұзақылар 13 экологиялық постты өртеп, 4 бекетті сындырып, тонаған. Тек 2 бекет қана аман қалған болатын.

ҚОЛДАУ

Төлемақы беру жалғасуда

Алматыда Шағын және орта бизнес шығындарын өтеу жөніндегі комиссия кәсіпкерлердің тағы 183 өтінімін мақұлдады.



2022 жылғы 13 ақпанда Шағын және орта бизнес субъектілерінің мүлдіктік залалдарын анықтау жөніндегі өңірлік комиссия кәсіпкерлердің 351,5 млн. теңге жалпы сомасындағы 183 өтінішін мақұлдады. Оның ішінде 218,7 млн. теңге сомасындағы 111 өтініш бюджет қаражаттарының, 132,8 млн. теңге сомасындағы 72 өтініш «Жаңа Алатау» қайырымдылық қоры қаражаттарының есебінен қаржыландырылды.

Комиссия жұмысының барлық кезеңінің ішінде

996,4 млн. теңге сомасындағы 545 өтініш мақұлданды, оның ішінде 431,1 млн. теңге сомасындағы 251 өтініш бюджет қаражаттарының, 565,3 млн. теңге сомасындағы 294 өтініш «Жаңа Алатау» қайырымдылық қоры қаражаттарының есебінен қаржыландырылды.

Зардап шеккен шағын және орта бизнес субъектілерінің өтініштері Info Kazakhstan сайтына келіп түсуі жалғасуда.

«АҚШАМ-АҚПАРАТ».



ЖАРҚЫН БОЛАШАҚҚА НЕГІЗ БОЛҒАН САПАР

Өткен аптада Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Владимир Путиннің шақыруымен Ресей Федерациясына жұмыс сапарымен барды. Бұл – Қазақстан Президентінің осы елге жасаған биылғы алғашқы сапары. Екі күннің ішінде, яғни 10–11 ақпан күндері Мемлекет басшысы әуелі Мәскеуде, содан кейін Ресейдің қарқынды дамып келе жатқан аймағы – Татарстан Республикасында болды.

Біздің Президентіміз Владимир Путинмен Мәскеуде жоғары деңгейде мазмұнды, ең бастысы табысты кездесу өткізді. Екі көшбасшының айтуынша, 4 сағаттан астам уақытқа созылған әңгіме Қазақстан мен Ресей арасындағы күн тәртібінде тұрған қазіргі өзекті мәселелерді ашық әрі өзара сенім негізінде талқылауға мүмкіндік берді.

Келіссөз форматының ашық болғаны сондай, президенттер әлеуметтік арақашықтықты сақтамай, қол алысып, бір-бірімен төс қағыстырып амандасты. Осыдан-ақ кездесудің жоғары деңгейде ұйымдастырылғанын байқауға болады. Қазіргідей «ковид» кезінде мұндай жоғары деңгейде қабылдау – сирек кездесетін жағдай. Иран, Франция сияқты елдердің Президенттерін салқын қабылдап, олармен үлкен ақ үстелдің екі басында отырып келіссөз жүргізді.

Қасым-Жомарт Тоқаев пен Владимир Путиннің кездесуі Кремльдің Каминный залында өтті. Хаттама бойынша Президенттер бір метр арақашықтықта отырды. Қазақстан Президентімен кездесудің ерекше форматта өтуі екі елдің шынайы достық қарым-қатынаста екенін көрсетеді. Мұндай ерекше ілтипатты былтыр жыл соңында Санкт-Петербуркте өткен ТМД-ға мүше мемлекеттердің Саммитінен де байқауға болады.

Владимир Владимирович пен Қасым-Жомарт Кемелұлы қала көшелерімен жүргенде бір көлікке отырып, мемлекеттер арасындағы екіжақты қатынастарды талқылады.

Екі ел басшыларының Кремльде өткен келіссөздері білім беру, цифрландыру, ғарышты игеру салалары мен атом энергиясын бейбіт мақсатта пайдалану бағытында мамандар даярлау ісі бойынша маңызды келісімдер топтамасына қол қоюмен аяқталды.

Қазақстанда Ресейдің жетекші жоғары оқу орындарының филиалдары желісін кеңейту, сондай-ақ біздің «Болашақ» бағдарламасы аясында қажетті мамандар даярлау жөнінде маңызды уағдаластықтарға қол жеткізілді. Бұл бағыт бойынша Алматыда МИФИ-дің, Атырауда Губкин атындағы университеттің филиалдарын ашу жұмыстары басталып та кетті. Бауман атындағы Мәскеу мемлекеттік техникалық университетімен және басқа да бірқатар оқу орнымен олардың өкілдіктерін ашу жайында келіссөздер жүргізілуде.

Қазақстанның «Халықаралық бағдарламалар орталығы» акционерлік қоғамы Ресей Федерациясының МИФИ, МФТИ, Губкин атындағы РМУ, Бауман атындағы ММТУ, ИТМО, МИСиС сияқты жетекші алты техникалық университеті мен «Болашақ» бағдарламасы аясында ынтымақтастық орнату туралы меморандумға қол қойды.

Осы тұста аталған мәселе бойынша Қасым-Жомарт Кемелұлының аса пайдалы ұсынысын қолдаған Владимир Путиннің ерекше ықыласын атап өткен жөн.

Қазақстан Президентінің пікірінше, осы игі бастамалар жастарымыздың озық техникалық білім алуына мүмкіндік береді. Сонымен қатар, Қазақстан Республикасы Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігі мен Ресей Федерациясы Цифрлық даму, байланыс және бұқаралық коммуникациялар министрлігі цифрландыру саласында тәжірибе алмасу туралы меморандумға қол қойды. Бұл құжат цифрлық даму саласындағы ынтымақтастықты дамытуға, соның ішінде екі елдің мемлекеттік қызметшілеріне қажетті техникалық және ұйымдастырушылық дағдыларды үйретуге бағытталған.

Сондай-ақ, тараптардың цифрлық сала басшыларын даярлау бағдарламасын бірлесіп іске асыру, IT мамандарын даярлау және олардың біліктілігін арттырудың қарқынды бағдарламасын іске қосу, Astana Hub халықаралық технопарк базасында цифрлық трансформация құралдарын қамтамасыз ету және қолдау жөнінде келісім жасалды. Сонымен бірге, елдеріміздің цифрлық трансформациясы аясында жасанды интеллект құралдарын қолдану және ауқымды деректерді талдау саласында тәжірибе алмасуға уағдаласты.

Келіссөз «Қазақстан темір жолы» ҰК» АҚ мен «Трансмашхолдинг» АҚ арасындағы ынтымақтастық туралы маңызды келісіммен қорытындыланды. Бұл құжат маневрлі және магистральды локомотивтерді, жүк вагондарын және Ресей теміржол машина жасау саласының басқа да өнімдерін жеткізуді көздейді. «Трансмашхолдинг» – темір жол машинасын жасау саласының ірі өндірушісі және ұзақ жылдан бері Қазақстан темір жолының негізгі серіктестерінің бірі.

Кездесу барысында Владимир Путин Ресейдің Қасым-Жомарт Тоқаевты барынша қолдайтынын айтты.

– Біз Ресей мен Қазақстанның ынтымақтастығы одан әрі кеңейіп, арта түсетініне сенімдіміз. Қазақстан Президенті өз елінде азаматтардың әлеуметтік тұрғыдан қорғалуын қамтамасыз етуге, сыбайлас жемқорлықты жоюға, экономиканы жаңғыртуға, елдің күштік құрылымдарын нығайтуға бағытталған бірінші кезектегі шаралардың кешенді жоспарын іске асыра бастайтынын айтты. Біз қазақстандық әріптестерімізге бекітілген жоспарларының табысты орындалуына тілектеспіз және бұған жан-жақты көмектесуге дайынбыз, – деді Ресей Президенті.

Биыл Қазақстан Республикасы мен Ресей Федерациясы арасындағы қарым-қатынастар тарихында атаулы дата бар екенін атап өткім келеді. Бұл елдеріміз арасындағы дипломатиялық қатынастардың 30 жылдығы.

Осы уақыт ішінде мызғымас достыққа, ортақ тарихқа, Қазақстан мен Ресей халықтарының менталдық тұрғыдан жақындығына сүйене отырып, жоғары деңгейдегі басшыла-



рымыз мемлекетаралық үлгілі ынтымақтастық орнатты. Осы ынтымақтастық барлық сала бойынша зор жетістік пен табысқа қол жеткізді. Біздің мемлекеттеріміз арасындағы өзара қарым-қатынастар халықаралық қоғамдастыққа нағыз тату көршіліктің, сенімді одақтастық пен стратегиялық серіктестіктің жарқын үлгісін көрсетті.

Қасым-Жомарт Тоқаевтың Ресей Федерациясы Үкіметінің төрағасы Михаил Мишустинмен кездесуі өте нәтижелі болды. Бұл жүздесуде елдеріміз арасындағы іскерлік серіктестікті одан әрі ілгерілету мәселелері талқыланды. Президент барлық күш-жігерді, ең алдымен, сапар барысында қол жеткізілген уағдаластықтарды іске асыруға және нақты нәтижелерге қол жеткізуге шақырды.

Мәскеудегі табысты келіссөздерден кейін Мемлекет басшысы Ресей Федерациясындағы жұмыс сапарын Татарстан Республикасында жалғастырды. Қасым-Жомарт Кемелұлы мыңжылдық тарихымен және аса бай мәдени мұрасымен танымал Қазан қаласына алғаш рет ат басын бұрды.

Қазақ пен татар ежелден төскейде малы, төсекте басы қосылған туыстас халық. Біздің тарихымыз ортақ, дініміз бен тіліміз бір. Сонау XVI ғасырдың ортасында Иван Грозный Қазанды басып алғандағы қырғын біздің фольклорымызда ерекше із қалдырған. Қазақтың «Шора батыр», «Нәрік батыр» жырларында осы шайқастар баяндалады. Сонда Қазанды жау қоршады деп аттанып бара жатқан қазақтың батыры Шора:

*«Нәріктің ұлы Шорамын,
Мен Қазанға барамын.
Мен Қазанға барғанша,
Қан жаумасын, қар жаусын,
Мен Қазанға барған соң,
Қар жаумасын, қан жаусын»,* –

деп жырлаған екен. «Қазан жорығы» деп аталатын күй де бар.

Ал тұтас ұлтты жаңа сапаға көтерген Алаш зиялыларының да қызметі мен өмірі осы Қазан қаласымен тікелей байланысты. Көбі осында білім алып, татар аруларына үйленді. Татар автономиясы мен Алаш автономиясы үнемі тізе қосып, бірге күрескенін тарихтан білеміз. Қазақтың алғашқы кітаптары да осы қалада басылды. Көрнекті Алаш қайраткері Уәлихан Танашұлы Қазанда өмір сүріп, татар үкіметінде қызмет істеген. Демек, туыстас екі халық ежелден жұбын жазбаған. Татар ағайындардың қазақ халқына деген айрықша ықыласы ғасырлар бойы жалғасып келеді.

10 ақпан күні ақшам уақытында белгілі татар ақыны Ғабдолла Тоқай атындағы Татарстан астанасының халықаралық әуежайында Қасым-Жомарт Тоқаевты Республика басшысы Рустам Минниханов пен оның делегациясы қарсы алды. Ақын есімінің елімізбен тығыз байланысты болуының да астарында бір сыр бардай. Құйрықты жұлдыздай жарқ еткен Ғабдолла Тоқай небәрі 26 жасының 12 жылын Орал қаласында өткізген. Осы жерде татар әдебиетінің алтын қорына енген бірқатар туындысын жазып үлгерді. Орал қаласында оның құрметіне қойылған бюст пен көше атауы бар. Қазақстанның басқа қалаларында, соның ішінде Нұр-Сұлтан, Алматы және Шымкентте ақын Ғабдолла Тоқай атындағы көшелер бар.

Біздің сапарымыз кезінде Қазанда қар жауғанымен, аяз аса қатты болған жоқ. Қаланың көркі көз тойтындай. Қазан – тарихы терең заманауи мегаполис.

Мемлекет басшысының Татарстанға сапары ғасырлық тарихы бар Қазан Кремлінен басталды. Қасым-Жомарт Тоқаев мұнда «Құл Шариф» мешіті мен Благовещенский соборын аралап көрді. Президент бір-бірінен қол созым жерде тұрған мұсылман мешіті мен православ шіркеуінің орналасуын достық символы деп атап өтті.

Қазан Кремлінің аумағында Президент сарайы орналасқан. Қасым-Жомарт Тоқаев пен Рустам Минниханов осында ресми делегациялардың қатысуымен екіжақты кездесу өткізді. Қазақ көшбасшысының республикаға сапары кезінде Татарстан басшысы бірге жүргенін атап өткен жөн. Араларында достық қатынастың орнағаны айтпаса да түсінікті. Бұл – олардың соңғы 10 айдың ішіндегі үшінші кездесуі.

Кездесу басында Президент мемлекеттік тілде сөз сөйлеп, дипломатиялық қызметі аясында және БҰҰ Бас хатшысының орынбасары лауазымында жүргенде алты құрлықты араласа да, Қазан қаласына алғаш рет келіп отырғанын айтты. «Мұным ұят болды, бірақ ештен кеш жақсы» деп әзілдеді Президент.

Осы кездесуге Татарстандағы қазақтардың ұлттық-мәдени автономиясының басшысы Сағит Жақсыбаев та келіп, Қасым-Жомарт Тоқаевқа қазақ қауымдастығының құрылу тарихы мен қызметі жөнінде айтты. 1992 жылы ол Татарстан халықтары Ассамблеясының негізін қалап, 2007 жылға дейін осы ұйымды басқарды. Қазіргі уақытта республикада 2 мыңға жуық қазақ тұрады, олардың басым көпшілігі – студенттер.

Кездесу барысында сауда-экономикалық және инвестициялық кооперацияны дамытуға баса мән берілді. Қазақстан мен Татарстанды екі халықтың тарихи тамырының, рухани құндылықтарының жақын болуы ғана емес, белсенді экономикалық қатынастар да тығыз байланыстырады.

Ресей субъектілерінің ішінде жетекші орын алатын және даму қарқыны жыл сайын үдеп келе жатқан Татарстанның Қазақстанмен арадағы ынтымақтастығының ауқымды болуы осының айқын дәлелі.

Татарстан экономикасының флагманы болып саналатын «ТАНЕКО» мен «КАМАЗ» компанияларын өзара іс-қимылдың жарқын мысалы ретінде атауға болады. Қазақстан Президентінің Нижнекамск және Набережные Челны қалаларында орналасқан зауыттарды аралап көруі Татарстанға сапарының ең маңызды бөлігі болды. Бұл корпорациялардың елдеріміз арасындағы сауда-экономикалық қатынастардың дамуына қосқан үлесі зор екені сөзсіз. Мысалы, қазір Қостанай және Қарағанды облыстарында КАМАЗ автобөлшектері мен «Татнефть» автокөлік дөңгелектерін шығаратын зауыттарды салу бойынша үш жоба белсенді жүзеге асырылмақ. Бұл компаниялардың қатысуымен тағы да үш ірі жоба қолға алынады. Өз кезегінде Татарстанда қазақстандық капиталдың қатысуымен 40-қа жуық бірлескен кәсіпорын табысты жұмыс істеп жатыр.

Сонымен қатар, Қасым-Жомарт Тоқаев Нижнекамск қаласындағы «ТАНЕКО» кешенін аралау барысында «Татнефть» кәсіпорнында тағылымдамадан өтіп жатқан қазақстандық жас мамандармен кездесті. Жуырда «Татнефть» компаниясы мен Семей қаласының геологиялық барлау колледжі арасында ынтымақтастық туралы келісімге қол қойылды. Нәтижесінде биылдан бастап қазақстандық колледждің студенттері осы кәсіпорында өндірістік тәжірибеден өтетін болды. Осындай кездесу Набережные Челны қаласында да өтті. «КАМАЗ» компаниясының зауытында біліктілігін арттырған қазақстандықтар, елге оралған соң Қостанайдағы осы кәсіпорынның зауытында жұмыс істейтін болады.

Татарстан – Ресейдің барлық жағынан дамыған аймағы. Бұл республика өзінің ұлттық ерекшелігін сақтай отырып, технологиялық дамуда қуатты серпіліс жасай алды.

Қазан қаласында Қазақстан Президентінің құрметіне Татарстан Президентінің атынан салтанатты қабылдау мен концерт ұйымдастырылды. Шара аясында қазақ, татар, орыс халық әндерімен қоса Шәмші Қалдаяқов пен басқа да композиторлардың туындылары орындалды.

Қасым-Жомарт Тоқаев әрбір іссапардан елге оралған сайын дәстүрлі түрде ел ішіндегі және шетелдік сапарлардың нәтижесі туралы әсерімен бөліседі. Осы сапарға қатысты Мемлекет басшысы Ресей Федерациясына қысқа мерзімді, бірақ өте мазмұнды сапарының нәтижесіне көңілі толатынын, оның Қазақстан мен Ресей арасындағы стратегиялық әріптестік пен одақтастықты одан әрі нығайту тұрғысынан табысты болғанын атап өтті. Қасым-Жомарт Тоқаев Ресей Федерациясына жасаған осы жолғы сапары мен жоғары деңгейде өткен келіссөздерін Қазақстан мен Ресей арасында кейінгі жылдардағы кездесулердің ішіндегі ең маңыздысы деп есептейді. Ресей Президенті де осындай көзқараста деп ойлаймын.

Берік УӘЛИ,
Қазақстан Республикасы Президентінің
баспасөз хатшысы.



ХАЛАЛ

АДАЛ АС адам өмірін жақсарттады

Алла Тағала харамға жоламау керектігін былайша ескерткен: «Ей, адамдар! Жер бетіндегі нәрселердің халал әрі тазасынан жеңдер!». Яғни ағзаға, ақыл-еске кері әсер етпейтін сансыз халал рызықтарды жеңдер деген. Ендеше, күнделікті өмірде харам мен халалды ажыратып, халал өнім тұтыну, күмәнді нәрселерден аулақ жүру әр мұсылман үшін маңызды болмақ.



Серік
ЖУМАБАЕВ

Тақуа кісілердің бірі Әбу Бәкір бір әңгімесінде: «Таңертең ұйқыдан тұрғаннан кейін маңайымдағы кісілерге қарап, кімнің адал ас, кімнің харам ас жегенін ажырата аламын» депті. Сонда жанындағылар: «Ұстаз, оны қалай ажыратасыз?» деп сұрағанда, былай деп түсіндірген екен: «Кімде-кім таң ата бос сөз, бөстекі әңгімеге салынса, әркімдерді сырттай жамандап, былапыт сөз айта бастаса, демек, оның бұл әрекеті харам ас жегендігінен туындауда деп түсінем. Ал егер кімде-кім таңертең тұрғаннан кейін әуелі Алла Тағаланы көп зікір етіп, тәухид кәлимасын айтып, өзіне кешірім тілесе, оның бұл әрекеті адал ас жегендігінен. Өйткені, халал да, харам да адамның күнделікті іс-әрекетіне міндетті түрде әсер етеді».



Жалпы, қазақтың да ұрпағына жақсы тәрбие беріп, адамгершілік пен имандылықты жоғары қоюының өзі адал ас ішіп келгендігімізден екені анық. Адал асты қазақ бұрыннан білген. Бауыздайтын малын құбылаға қаратып, «бісімлә, аллаһу ақпарын» айтып, сойған. Яғни әрбір істі бісімләсез бастамаған. Тіпті, астың бетін жауып қою, қол жумай тұрып ас әзірлеуге болмайтыны, ошақ басында орамал тартып жүру, т.б. қағидалардың барлығы отбасында қатаң қадағаланған. Жаңа түскен келіндерге де тазалық тәлімін үйреткен. Онымен қоса, тамақты оң қолмен жеу, тамақтан кейін бата жасау, жатып тамақ жемеу, нанды жерге тастамау, ыдысқа құйылған тамақты тауысу, дастархан басынан ас жиналмай жатып тұрып кетпеу, тамақтан бұрын және кейін қол жуу, үлкендерге құрмет көрсету секілді әдет-ғұрыптардың барлығына қатты көңіл бөлінген. Осыдан-ақ біздің ас адалдығына, тазалығына қаншалықты мән бергеніміз айқын аңғарылады.

Халал өнімдерді пайдаланудың артықшылығы туралы Құран аяттары мен көптеген хадистер бар, тіпті ол туралы «Инжілде» де жазылған. Мысалы: «Шынайы түрде сендерге өлексені, қанды, доңыз етін және Алладан басқаның атымен бауыздалғанды арам қылды. Сонда кім мәжбүрленсе, қарсылық қылмаса, шектен шықпаса оған кінә жоқ. Күдіксіз Алла өте Жарылқаушы, ерекше – Мейірімді». «...Ал оларға лас пұттардан, бұзақылықтан,

өлексе мен қаннан аулақ болу және өздеріне қаламағанды басқаларға қолданбау өсиет етілді». «Ал доңыз, оның тұяғының ашасы айрық болса да, ол күйсемейді, ол сендерге адал емес; оның етін жемендер және өлексесіне жоламаңдар».

Жалпы, харамға бойлау адамға материалдық әрі рухани тұрғыдан зиянын тигізеді. Мәселен, бір жұтым немесе бір шайнам харам ас адамның өмірінде адасуына сеп болуы мүмкін. Тіпті, балашағасының баянды болашағына кері әсерін тигізуі де ықтимал. Адам ішіп-жейтін нәрселерінің діни тұрғыдан халал, таза болуына және тапқан табысында кісі ақысы болмауына баса мән беруі керек. Ақ адал маңдай термен табыс, пайда табу өте маңызды. Пайғамбарымыз даналыққа тұнған хадистерінің бірінде: «Кейбір күнәларға намаз да, ораза да, қажылық та өтем бола алмайды. Ондай күнәлар тек ақ адал маңдай термен табыс табу үшін еңбек-

тенгенде ғана кешіріліп, тазалануы мүмкін» деген. Сондай-ақ, Пайғамбарымыз (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) басқа бір хадисінде: «Харамнан сақтаныңдар. Асқазаныңа харам ас түскен адамның дұғасы қырық күнге дейін қабыл болмайды» деген.

Қалай десек те, жүрек тазалығына қол жеткізу үшін міндетті түрде харамнан бойды аулақ салып, халал нәрселерді қанағат тұтқан жөн. Халқымыздың ары таза, рухани дүниесі бай болсын десек, ең бірінші мемлекет жұртшылықты халал, таза аспен қамтамасыз етуі қажет. Егер ішіп-жейтімізге аса мән бермейтін болсақ, харамға бой алдырсақ, онда рухани өміріміз де құлдырап, қожырай түседі. Онымен қоса, ұрпағымыз да азып-тозатын болады. Бұл жерде уақыт, заман өзгерді деп сылтау айтуға болмайды. Харамнан аулақ болуымыз – міндет. Пайғамбарымыз (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) «Харам асты талғажау етіп өскен адам отқа түсуге лайықты» деген. Әрбір харам оны ішіп-жеген адамнан немесе оның балашағасының алдынан осы дүниеде болмаса да, арғы дүниеде міндетті түрде шығады.

Халал – жүректі нұрландырып, жарқыратса, харам – оны қатайтып, қарайтады. Ғибадаты кемшіліксіз, дұғасы қабыл болғанын, ұл-қызының ізгілерден болуын қалайтын кісі халалдың аясынан айнымауы керек.

ЦИФРЛЫҚ ФОРМАТ

Жаңашыл министрдің жаңалығы

Бұдан былай педагогтарды жұмысқа қабылдау директорлардың жеке-дара қалауы бойынша іске аспайтын болды.

Білім жүйесіндегі жаңашылдық туралы ҚР Білім және ғылым министрі Асхат Аймағамбетов «Енді нақты критерийлер белгіленіп, мұғалімдер жұмысқа қызметінің нәтижесі мен жетістіктері негізінде конкурс арқылы орналасады. Биыл бұл рәсім цифрлық форматқа көшіріледі», – деп нақтылады.

Сонымен қатар, министр 2021 жылы педагогтардан басы артық есептер сұратып, мұғалімді кәсіби міндетіне кірмейтін жұмыстарға тартқан жүздеген басшы мен лауазымды тұлғалардың жазаға тартылғанын мысал етті.

Еліміздің білім жүйесінде өткен жылдан бастап ерекше қажеттіліктері бар балалармен жұмыс істейтін педагог-ассистент қызметі



енгізілсе, бүгінде еліміздегі мектептерде ерекше балалармен 1200 мұғалім жұмыс істеп жатыр. Сондай-ақ, 2021 жылы республика бойынша 50-ге жуық инклюзияны қолдау кабинеттері ашылды. Психологиялық-медициналық-педагогикалық кабинеттер саны 12 бірлікке өсті, психологиялық-педагогикалық түзету кабинеттерінің саны 13-ке өсті.

ҒЫЛЫМ

Жас ғалымдарға жеңілдік бар

Еліміздің жас ғалымдарын ғылыми-зерттеу институттарының басшылық қызметіне тағайындау тәртібі жеңілдей түсуде.

Бұған дейін кем дегенде 5 жыл ғылыми-зерттеу институттарында басшылық қызмет ету талап етілетін еді. Енді мамандық бойынша кемінде 5 жыл жұмыс өтілі, ал философия докторы (PhD), өз саласы бойынша доктор, ғылым кандидаты немесе ғылым докторы дәрежесінде кем дегенде 3 жыл

жұмыс өтілі жеткілікті. Жакында еліміздегі 7 ҒЗИ басшылығы қызметіне конкурс жарияланды.

Министрліктің пайымынша, соңғы өзгерістердің нәтижесінде ғылыми-зерттеу институттарының дамуы байқалады. Жетекші ғалымдардың жалақыларының базалық қаржыландыруға енгізілуі мен фундаменталды зерттеулермен айналысатын ҒЗИ-лардың конкурстан тыс қаржыландырылуы, мемлекеттік қаржыландыру мерзімдерін 5 жылға дейін ұзарту ғылыми-зерттеу институттарының дамуына жаңа серпін берген екен. Мемлекет басшысының Жолдауында осы өзгерістердің қажеттілігіне ерекше назар аударуы да осыны аңғартса керек.

ҰЛТТЫҚ ЖОБА

Тегін білім алады

Биыл еліміздегі колледждерде білім алуға бөлінетін мемлекеттік тапсырыс саны 10 000 орынға артып, 107 мың студент колледждерде мамандықтарды тегін меңгеретін болды.

Мәселен, 9-сынып бітірушілердің барлығы «Білімді ұлт» сапалы білім беру» Ұлттық жобасы аясында кезең-кезеңімен тегін оқи алады.

Сонымен, биылғы оқу жылында алғаш рет әлеуметтік осал топ санатындағы балалардың колледждерге түсіп, білім алулары үшін тағы үш квота енгізілді. Квота көпбалалы, толық емес отбасынан, ерекше қажеттіліктері бар балаларды тәрбиелеп отырған отбасынан шыққан балаларға



арналып отыр. Бұған дейін мұндай мүмкіндік жетім, ата-анасының қамқорлығынсыз қалған, ерекше қажеттіліктері бар балаларға қарастырылса, енді ауыл жастары да квота бойынша мемлекеттік тапсырысты алатын болды. Сонымен қатар, енді колледждер арасындағы мемлекеттік тапсырыстар талапкерлердің таңдауы бойынша бөлінетін болды.

ШӘКІРТАҚЫ

Төлем де, грант та артты

Кейінгі 2 жылда шәкіртақы мөлшері айтарлықтай өсіп жатыр.

Мәселен, докторанттардың шәкіртақысы 82 мың теңгеден 170 мың теңгеге дейін өсті. Биылғы қыркүйек айында оның мөлшері тағы көтерілмек.

Сонымен қатар, Мемлекет басшысының тапсырмасына сәйкес, жоғары оқу орнында

оқу үшін бөлінетін мемлекеттік білім гранттарының саны 5000-ға артып отыр.

Тағы бір ерекшелік – гранттарды бөлу кезінде «merit based»-ке ғана емес, «need based»-ке де назар аударатын болады. Мәселен, алғаш рет квота бойынша білім гранттары жалпы санының 5%-ы көпбалалы отбасынан шыққан балаларға, 1%-ы толық емес отбасынан шыққан балаларға бөлінеді.



ӨНЕРДІҢ ӨЗ ӨКІЛІ

Өмір –
шын мәнінде театр. Ал
театр деп санамызға сіңген өнер
шаңырағы, ондағы жампоз-тарландар сол
боямасыз өмірдегі біз аңғарып-аңғармаған
жәйттерді тайға таңба басқандай етіп
көрсетушілер. Жеткізушілер. Осы ретте өнер
тарихында өзіндік орны бар, Қазақстан
Республикасының мәдениет қайраткері
Жұмағали МАХАНОВПЕН
сұхбаттасқан едік.

«Жүректің

тазалығы керек»



– Өнерге деген қызғушылығыңыз қашаннан байқалды?

– Бала кезімізде мектеп қабырғасында «Балдырған» журналындағы мақалаларды оқып, өлең шумақтарын жаттап жүретінбіз. Солардың ішінен есімнен кетпейтіні, «Біздің жорық» деген өлең. Әлгі тапқыты бірден жаттап алып, мектепаралық кештерде, іс-шараларда жатқа оқып жүрдім. Қанат бітті ме, білмеймін, көпшіліктің ортасында өзімді еркін сезіне бастадым. Өнер көрсету ақырындап ұнай бастады. Кейіннен «Қыз Жібек» киносын көріп, фильмдегі актерларға тамсанып, Төлеген мен Бекежандай болуды армандадым. Қазіргі таңда қатарлас, замандастарымнан жиі естимін, олардың да өнерге деген қызғушылығын оытып, актер болуына ықпалын тигізген «Қыз Жібек» фильмі екенін.

– Бір сұхбаттарыңызда екеңіздің өнерге бет бұруыңызға қарсы болғаны жайлы айтыпсыз, сол жайында тарқатсаңыз.

– Иә, «Балам, осы оқуға бармай-ақ қойсаңшы. Ол мамандық тұрақты мамандық емес қой, оны хобби ретінде қатар алып жүрсең болады?», – деп ақылдан айтты әкем. Әкеме «осы жылы түстім, түспесем, келесі жылы сіз айтқан кез келген оқуға барамын» деп ант бердім. Жолға шығарда Ғазиз Әбішевтің «Қазақтар Ұлы Отан соғысында 1941–1945» деген кітабын (ішінде әкем туралы жазылған екі беттік мағлұматтар, ол кісінің ерліктері жайында жазылғандар бар еді) ала кеттім. Әпкемнің кеңесімен, егер түсе алмай жатсам, әкемнің суретін көрсетем деген ой болды. Осылайша Алматыға келдім. Дайындығым болмады. Жүргенов театрының профессорлары, үлкен-үлкен ұстаздары – Н.Жантөрин, Ы.Ноғайбаев, Ш.Жандарбекова, А.Топпанов сынды майталмандардың алдына келгенімде, өнерімді көрсетпек түгілі, сөздерімді ұмытып қалдым. «Сен бала, бара ғой, дайындығың нашар екен. Келесі жылы келерсің, шырағым!»

деген кезде, «Сіздер кешіріңіздер, менің дайындалуға уақытым болмай қалды. Мынау менің әкем еді, Ұлы Отан соғысының батыры, осы кісінің баласы едім. Өнерге келуіме қарсы. Бір жылға мұрсат алып келдім. Бұл кісі келесі жылы жібермейді. Маған сенсеңіздер, сенімдеріңізді ақтаймын», – дедім. «Шыға тұр. Кітабыңды қалдыр», – деді. Қайтып келгенімде «Сахна тілінен», сосын «Актерлік шеберліктен» екі бес қойғанын көрдім. Сөйтсем,



Татьяна Қасымқызы Наурызбаева тұрып алыпты. «Мен сенем бұл балаға! Дайындығы нашар болғанымен, алып кететініне сенем», – деп. Сол кісі оқуға түсуіме бірден-бір себепші болған.

– Әйгілі «Ақ кемедегі» баланың рөлі жайлы айта отырсаңыз?

– Әуезов театрына келуіме бірден-бір себепші болған курс жетекшісі, төрт жыл бойы сабақ берген, анамыздай болған Шолпан Жандарбекова. Сол кісі бір күні: «Бізде театрда Шыңғыс Айтматовтың «Ақ кемесін» Әзірбайжан Мәмбетов қояйын деп жатыр. Соған баланың образына актер іздеп жатыр. Сен дайындал. Монологыңды жатта, мен оған ертіп барам», – деді. Бір

аптадан кейін мен дайындалдым, ол кісі мені театрға ертіп келді. Сәбира Майқанова, Қапан Бадыров, Бикен Римова сынды үлкен кісілер мені қарады. Содан Әзекең көрді-дағы, менің бойымнан бірдеңені көрді ме, рөлді маған берді. Осылайша оқу ордасын аяқтағаннан кейін, Әуезов театрына келдім. Ал әйтпесе ол кезде Әуезов театрында қалу мүмкін емес болатын.

– Осы уақытқа дейін көрермен үшін «бала» кейпінде жақсы сақталған екенсіз. Неліктен?

– Театр сахнасында жүргеніме біраз жыл болыпты, осы уақытқа дейін 15-тен астам баланың рөлін ойнаппын. Оның сыры алғаш келгенімнен бастап Әзірбайжан Мәмбетовтің «Ақ кемесінде», «Менің атым Қожада» Қожаның рөлін ойнағанымнан болар. Сол сәттерде Әзекеңнің «Бала деген мөлдір су секілді. Ол бірде күледі, күліп тұрып жылайды. Ойының ұшқырлығы соншалықты, біз жетпеген көрмеген дүниелерді ойлайды. Бала шынайы, пәк болады. Ұшып қонып, бір орнында тұра алмауы, мына біздерден ерекшеленіп тұрады», – деген сөздері менің санама сіңіп, әр баланың образына осы айтқандарын келтіремін.

– Кейіпкеріңіздің қылықтарын айналаңыздағы адамдардан алған сәттер болды ма?

– Әзірбайжан аға «Айман-Шолпанды» қоятын болды. Актерлік құрам бекітілген тізімге қарасам, мені Көгітбардың қасындағы Қортық шалдың рөліне бекіткен екен. Сонымен не керек, шалды ойнап жүрдік.

– Осы өмірде қанша режиссер болса, соншасының өзінің қолтаңбасы, өз ізі бар. Әрқайсысы өзіндік болмысымен ерекше. Режиссерларда 5-6 актердің қарым-қабілеті, 10 адамның көзқарасы болуы қажет. Сонда ғана спектакльдің кем-кетік тұстарын байқай алады. Актерді шыңдап, сол рөлге бейімдей алатын режиссер десем, артық болмас. Жастайымыздан Әзекеңмен жұмыс істегендіктен ол кісінің сөздері мұрда оғындай өткір еді. «Сен мына жерде не ойлап отырсың?», – деп бір сұрақ қойғанның өзі адамның бүкіл болмысын ашып жіберетін. Әрмен қарай өз темірқазығыңды тауып алатыңсың. Әзірбайжан ағаның айтқан әрбір сөзі маған осы күнге дейін азық. Режиссер пьесаны оқып қана қоймай, әрбір оқиға мен қақтығысты іштей суреттеп, зерделеп, өмір талабына сәйкес үйлестіре білуі қажет. Әбден зерделеп біткеннен кейін ғана пьесаның формасын анықтауға кіріседі. Драматургиялық шығармалардың мазмұны мен формасын анықтау онша қиын емес. Шығарманың жалпы мазмұны фактілер мен құбылыстар, әлеуметтік жағдайдың белгілі бір бөлшектері болады да, ал шығарманың ішкі мазмұны бір нәрсені қолдаушы немесе бір нәрсені жоққа шығарушы идея болады. Осы идеяны өрбіте отырып, әрбір қақтығыстағы сөз астары мен ішкі монолог желісі табылса, сөз жоқ, көркемдік деңгейінің шарықтау шегіне жетері анық.

– Шәкірт тәрбиелеу ойыңызда бар ма?

– Уақыт неткен жүйрік десеңші! Театрдың табалдырығын аттағаным кеше ғана сияқты еді. Жарты ғасыр өте шығыпты. Түр өзгергенімен, көңіл орнында. Көрерменді сәл көрмесек, тірлігіміз жүрмей қалғандай болады. Шәкірт тәрбиелеуге келер болсам, мен өзім Әзірбайжан Мәмбетовтің мектебінен өткендіктен болар, ол кісінің маған айтқан ақылдан жастармен бөліскім келеді. Ал әзірге артымнан ерген ұлым Мерей Маханов Өнер академиясының колледжінде сабақ береді. Арасында театрдан бөлек студенттермен пікір алмасып, жастарға білгеніммен бөлісіп отырамын.

– Жас өнерпаздарға берер кеңес-теріңіз болса...

– Берер кеңесім көп. Солардың негізгісі – табандылық, еңбекқорлық. «Әу демеітін қазақ жоқ» дегендей, қазақтың көп баласы өнерлі, тек оны дамыту керек, оқуын оқып, өнерді шыңдауы қажет-ақ. Адамға актер болу үшін де жүрек тазалығы керек. Әзірбайжан Мәмбетовтің «Жүрегінде қатыгездігі бар адамның сахнаға шығуға хақысы жоқ» деген сөзінің жаны бар. Актердің жүрегі неғұрлым жұмсақ, пейілі таза болса, сахнадағы әр сөзін жүрегінен өткізіп, көрерменге жеткізе алады. Адам өмірі сан қилы ғой. Өнерде алғашқы қадамдар жасап келе жатқан балаларымыз сәтсіздікке ұшырауы да мүмкін. Оған мойымау керек. Өнерді дамыту, іздену, білім алу, еңбектену – бұл сізді жетістікке жеткізер қасиеттер.

– Сұхбатыңыз үшін рахмет!

Сұхбаттасқан
Ақтолықн ҒАЛЫМҒАЗЫҚЫЗЫ.



КИНО

«АҚЫН» – БЕРЛИНДЕ



Халықаралық Берлин кинофестивалінің «Форум» бағдарламасы шеңберінде Ш.Айманов атындағы «Қазақфильм» АҚ түсірген «Ақын» фильмінің еуропалық тұсаукесері өтті.

– Фильмнің тұсаукесеріне қатысып отырғанымызға өте қуаныштымыз. Берлинале фестивалінің ұйымдастырушыларына алғысымыз шексіз. Біздің фильмде бүгінгідей тик-ток жайлаған дәуірде саф өнердің – поэзияның ешкімге де керек болмай қалғаны туралы баяндалады. Менің ойымша, шынайы өнерге берілген кейбір шығармашылық жандар бұл фильмде өздерін көре алады. Мен фильмдегі басты кейіпкердің образында ре-

жиссердің өзін көріп тұрғандай боламын. Осы кинотуындының жарық көруіне атсалысуға мүмкіндік берген Дәрежан Өмірбаевқа алғысымды білдіремін, – деді көрсетілім алдында фильм продюсері Юлия Ким.

Қазақстандық кинотуынды Берлин кинофестивалі көрермендерінің қызығушылығын тудырды. Тұсаукесер күні кинотеатрдың залында бос орын болмады. Бұл көрсетілімге билеттер бірнеше күн бұрын сатылып кеткен екен. Тұсаукесерге келген қонақтардың арасында фильмнің режиссері Дәрежан Өмірбаевтың шығармашылығымен бұрыннан таныс көрермендер де болды.

«Ақын» фильмі технологиялар дамыған қазіргі заманда өнердің қоғамда алатын орны туралы ой қозғап, поэзияға сұраныс азайған дәуірде ақынның күйініші туралы сыр шертеді. Қазақ халқының XIX ғасырдағы ең көрнекті ақындарының бірі Махамбет Өтемісұлының қилы тағдыры жайында ойға батқан басты кейіпкер нәзік жүректі ақындардың өмірі қашан да қиын болғанын түсінеді.

Фильмнің сценарийі неміс жазушысы Герман Гессенің «Авторлық кеш» атты автобиографиялық әңгімесі желісімен жазылған. Фильмдегі басты рольді «Жігіттер» тобының әншісі Ердос Қанаев сомдайды.

Аталған фильм Токиода өткен халықаралық кинофестиваль шеңберінде алғаш көрсетіліп, Дәрежан Өмірбаев «Үздік режиссер» жүлдесімен марапатталған.

Нұр ЖАМАЛ.

ЖАНКҮЙЕР



Димаштың индонезиялық фанаты қолдан жасалған өзінің ұлттық киімін әлеуметтік желіде жариялады. Бойжеткен оны жасауға Қазақстанның бірегей мәдениеті шабыт бергенін айтты.



Кики Чанның игі ісі

АҚТОЛҚЫН ТҮРЛЫҒАЗЫ

Индонезиялық Dimash Indonesian Dears фан-клубының мүшесі Кики Чан ұзақ уақыт бойы қызықты хобби-костплеймен айналысады. Ол өз қолымен компьютерлік ойындардың, кинотеатрдың, әдебиеттің, комикстердің, аниме немесе манганың сүйікті кейіпкерлерінің костюмдерін жасайды. Бірде Кики Чанға қазақтың ұлттық стилінде өз костюмін жасау идеясы келді.

«Димаш әрқашан туған елінің мәдениетіне үлкен сүйіспеншілікпен қарайды. Жеке мен

үшін Қазақстан мәдениетінің кереметтігі мен бірегейлігі соншалық, маған дәстүрлі қазақ костюмін киіп көру немесе кандай да бір ұлттық музыкалық аспапта ойнап көру өте қызықты болды. Қазақстанның сұлулығы менің жүрегімді және бүкіл әлемдегі барлық Dears-тің жүрегін жаулап алды», – деді Кики Чан.

Кики Чан костюм жасау үшін өте мұқият жұмыс істеді. Бойжеткен көптеген идеяларды қайта қарап, материалдарды таңдаған.

ҰЛТТЫҚ АСПАП

Қазақстанда алғаш рет музыкалық аспап 3D-принтерде басылды. Шоқан Уәлиханов атындағы Алматы мектебінің оқытушылары қазақ фольклорлық музыкалық аспабы – шаңқобызды пластиктен жасап шықты.



Динара МҰРАТ

Музыкант Абзал Арықбаев пен робототехника зертханасының меңгерушісі Ертай Рахимов осы идеяның бастамашысы болып, аспапты жасау бойынша ғылыми-зерттеу жұмысын жүргізген.

Олардың басты мақсаты – музыкаға жаңа келген жандар үшін шаңқобызды қолжетімді ету әрі үйрену жолын жеңілдету. Аспапты жасау барысында қырғыз, қазақ және бурят шаңқобызының бірнеше үлгілері негізге алынған. Түрлі аспаптарды өлшеген бірталай зерттеу жұмыстарынан кейін Ертай Рахимов пен Абзал Арықбаев оны 3D-принтерде өндіру процесіне кіріскен.

– Ол үшін Autodesk 123d design бағдарламасында қазақ



шаңқобызының (мұражай экспонатының үлгісі) өлшемдеріне сәйкес бірінші модель әзірленді және 3D-принтерге басып шығаруға жіберілді. Алғашқы құралдың пішіні бойынша үлгінің дәл көшірмесі болғанымен, одан шыққан дыбыс әлсіз болды. Аспап музыканттың қолында тұрақсыз, иіліп тұрды, тіл раманың арасынан өте алмады және оларға сүрініп, соққы берді, – дейді Ертай Рахимов.

СТИПЕНДИЯ

Метрополисте ҚР Мәдениет және спорт министрі әдебиет пен өнер қайраткерлеріне мемлекеттік стипендиялар табыс етті.

Гүлжанат СЕМБАЕВА

Мәдениет саласындағы мемлекеттік стипендиялар жыл сайын Мемлекет басшысының Жарлығымен елдің мәдени саласын сақтауға және дамытуға үлес қосқан шығармашыл қызметкерлерді қолдау мақсатында беріледі.

БІР АУЫЗ СӨЗ

Көне жәдігерлер даласы

Елімізді туризмнің әдіс-тәсіліне сүйеніп дамыта берер болсақ, ұтқанымыз

Олжас МҰРАТБЕКУЛЫ

Ата-бабаларымыз төрткүл дүниені ат тұяғымен дүбірлетті. Атағы алысқа тараған Еділ патша, Күлтегін, Төныкөк, Шыңғыс хан, Ақсақ Темір, т.б. Алтын орда мен Қазақ хандарының бәрі кілең мірдің оғындай баһадүрлер екені баршаға мәлім. Ұлы далада атой салған текті, мәшһүр бабалардың жолын жалғау бізге парыз. Оны ғылым, білім, технология арқылы іске асыру өзінше бір әңгіме.

Әлқисса. Заманауи Сингапур мемлекетінің негізін қалаушы әрі атасы Ли Куан Юды білмейтін көзі ашық, көкірегі ояу пенде жоқ шығар. Ол «Қоғамдағы бейбітшілік пен үйлесім кілті – ойынның ереже бойынша айналып, әркімнің өзіне тиісті қоғамдық үлесін алуында» деп қоғам мен адамға баға беріпті. Бір кездері кішкене ғана қалашық болған қаланы әлемнің айбынды мемлекетіне айналдырды. Экономикасын дамытты. Заңдарын қатайтты. Дамудың даңғыл жолына ақыл-ойдың жемісі арқылы түсті. Барша жаһан жұрты көз тіккен



«қала мемлекетке» айналдырды. Алып Қытай мен Англиядан именбеді. Осылардың арасынан өзіндік жол тапты.

Осы тақылеттес тағдыр Оңтүстік Корея, Жапония елдерінің басында да болған. Ол тұрғысынан бұған дейін бірнеше мәрте сөз қозғады. Әйткенмен, жасаған тәжірибелерін айналып өте алмаймыз.

Қазақстан – бақуатты ел. Рухани тұрғыдан алғанда, мәдениет, тарих, шежіре, жәдігерлер мен құндылықтарға өте баймыз. Римдіктер мен ежелгі гректердің архитектуралық ескерткіштері бүгінге дейін экономикалық пайда түсіріп тұр. Түркияның жөні бір бөлек. Ондағы әрбір көне жауһар қаражат көзі болуда. Бастысы,

натты рәсімді аша отырып, марапат иелерін шын жүректен құттықтап, Мемлекеттік стипендияларды тапсыру олардың отандық мәдениетті дамытуға қосқан елеулі үлесін мойындау екенін атап өтті. Ол бүгінгі таңда қоғамда, әсіресе жастар арасында конструктивті рухани құндылықтарды ілгерілету ісінде шығармашылық интеллигенцияның рөлі артып келе жатқанын жеткізді.

Сонымен қатар, министр биыл еліміз Ахмет Байтұрсынұлының 150 жылдығы, Мұхтар Әуезовтің 125 жылдығы, Әзілхан Нұршайықов пен Роза Бағланованың 100 жылдық мерейтойларын атап өтетінін айтып өтті.

сервис жақсы жолға қойылған. Саяхаттаушылар өздерінің рахаты үшін ақшаны аямасы анық. Әлгінде бақуаттылық тұрғыдағы ойды түртіп өттік. Біздің ел ешкімнен кем емес. Тіпті, материалдық һәм рухани тұрғыдан баймыз. Мың тәубе!

Біздің даламыз – көне жәдігерлер елі. Талай тағдырдың куәсі. Оған дәлел әрбір тас пен әрбір су. Арғы жағын тереңдете беруге болады. Осыны туризмнің әдіс-тәсіліне сүйеніп дамыта берер болсақ, ұтқанымыз. Бұл бағытта біршама шаруа атқарылып та жатыр.

Бәрі түйгенде шығатын пайым біреу: Ол – қастерлі Отанымызды дамыту бәрімізге міндет.

Еліміздің ертеңі жарқын болсын!



● ТҰРҒЫН ҮЙ

БАСПАНАЛЫ БОЛАМ ДЕСЕҢІЗ...

Айжан
БҮРКІТБАЕВА

Баспана мәселесі халықтың етінен өтіп, сүйегіне жеткелі қай заман?! Қазақ басына азаттық алғаннан бері, қай жерге қоныс теуіп, қайда тұрақтарын білмейді. Ауылдан қалаға жұмыс іздеп ойысқандар ордасын таппай, жалдамалы пәтерде жансақтық күй кешіп жүр. Үкіметтен үй алу жеңіл болып көрінгенімен, мәселенің төркіні қаражатқа келіп тірелетіні анық.

Статистикаға сенсек, қазақстандықтардың бір жылдық ипотекалық қарызы 1,49 триллион теңгені құрайды. Олардың қалың бөлігі несиеден төлей алмай, тұрағынан айырылып қалып жатады. Себебі, нәпақасын әуірімдеп әрең тауып отырған жұрт айына 100–150 мыңның ипотекасын игере алмайды.

Бұл туралы саясаттанушы Гүлмира Сұлтанбаева былай деп пікір білдірді:



– Баспананың жетіспеушілігі өте өткір мәселе. Елдің ипотекасын төлей алмауының басты себебі – жұмыс көзімен қамтылмауы. Ауылдан жұмыс іздеп келетін еңбек мигранттарын қоссақ, жұмысқа ағылатын азаматтарымыз ірі мегаполистерде баспанасыз босып жүргендердің санын көбейтеді. Қалаға қоныс аударуының себебі, жергілікті ауылдық, өңірлік жерлерде жұмыспен қамтитын мүмкіндіктер аз. Тек аурухана, білім беретін орта мектептерде ғана жұмыс істейтіндер болмаса, өзгелері «екі қолына бір күрек» таба алмай әуреленеді. Сосын амал жоқ үлкен шаһарларды шарлауына тура келеді. Екінші бір фактор, қоғамда еңбекақысы төмен әлеуметтік топтар көп. Жалақысы тұрақсыз жұрт жалдамалы пәтермен күн көруге мәжбүр. Неге, нәпақасы тұрақты емес? Себебі, бірреттік қысқа мерзімдік, нақандық жұмыстарға тартылатын азаматтар саны айтарлықтай. Бұл кісілерге әлеуметтік зейнетақы төленбейді. Және тұрақты жалақы алмайды. Сондықтан осындай деңгейлі тұрғындар мемлекеттік ипотекадан қағылып жатады. Бізде әрбір қалада, ауданда, өңірлерде халықты әлеуметтік қорғау және еңбекпен қамтамасыз ету сияқты құзыретті органдар бар. Осы мекемелер ресми түрде бірреттік жұмысқа тартылған азаматтардың статистикасын дайындап, оларды жұмыспен қамту үшін ауқымды істер көрсету керек. Өкінішке орай, бүгінде ол ұйымдардың нәтижесін көре алмай отырмыз. Сонымен қатар, біздің нарықта арзан жұмыс күштерінің көптеп келуі де ел азаматтарының қолын байлайды. Мысалы, құрылыс, тағам, т.б. қызмет көрсету секторларына көрші мемлекеттен арзан еңбек күшінің тартылып жатқандығына куәміз. Бұл да ел азаматтарының жұмыссыз қалуына бірден-бір себеп, – деді саясаттанушы.

Банктерде үй ақысын бөліп төлеуге арналған арнайы бағдарламалар бойынша ең төменгі пайыздық мөлшер 5-ті көрсетеді. Яғни «5-10-20» бағдарламасы – 5, «7-20-25» бағдарламасы – 7, «Баспана хит» – 11, «Орда» бағдарламасы – 12 пайыздан бастау алады.



Шетелдік тәжірибе

Қытай елінде де «Қолжетімді қалалық тұрғын үй құрылысын басқару әдісі» бағдарламасы қарастырылған. Бұл жобаға табысы орташа немесе төмен отбасылар ғана қатыса алады. Яғни бағдарлама айына 30–70 юаньнан аз жалақы алатын отбасыларға көмек ретінде ұсынылған. Ал Ирландияда баспана алуға өтініш білдіргендерге ипотекалық несие ең аз 2–2,5 пайыздық мөлшермен беріледі. АҚШ-та қызметкерлерін мемлекеттік баспанамен қамтамасыз етеді. Яғни жұмыс істеуіне байланысты азаматтарына мемлекет тегін үй үлестіреді. Алайда, бұл жекеменшікке өтпейтін мемлекет бақылауындағы баспана болып қала береді. Нидерланды елінде жылжымайтын мүліктің 55 пайызы ғана голландықтардың үлесіне тиесілі. Қалған бөлігі жалға беретін мемлекеттік және қоғамдық ұйымдардың құзырында. Тұрғын үйді жалға беру аталған елде қалыптасқан жүйе ретінде қарастырылады. Бұл елде азаматтарының табыс көзінің көлеміне байланысты пәтер ақысының шығындарын өтеу мемлекетке міндеттеледі екен. Финляндия билігі Housing first қағидасы бойынша баспанасыз жоқ адамдарға ешқандай талап пен шартсыз тұрғын үй береді. Бұл елде басына пана таппай сандалғандарды кездестірмейсіз.

Түсінікті тілмен топшыласақ, 15 миллион теңгенің үйін 10 жылға «5-10-20» бағдарламасы бойынша жылдық үстем ақымен 6 миллион теңге артық төлейсіз. Ал «7-20-25» бағдарлама легімен 8,4 миллион, «Баспана хит» бойынша 13 миллион, «Орда» бағдарламасымен 14,4 миллионға

ұтылады екенсіз. Оның үстіне, пәтерді несиеге рәсімдеу үшін қолыңызда кем дегенде баспана бағасының 20 пайыздық жарнасы болуы керек. Яғни 15 миллионның үйіне көз тіксеңіз 3 миллионыңыз дайын тұруы тиіс.

Енді мемлекеттік бағдарламалар бойынша үлестірілетін ипотекалық үйлерді иеленушілерге қойылатын талаптарға тоқталсақ. Қасым-Жомарт Тоқаевтың тапсырмасымен қолға алынған «5-10-20» бағдарламасы бойынша баспананы несиеге рәсімдеуге тұрғын үйге мұқтаждар есебіндегі азаматтар ғана құқылы. Қазіргі атауы «Шаңырақ» деп бекітілген жобаға қатысу үшін жалақы көрсеткіші ең төменгі күнкөріс деңгейінен 3,1 еселенген болуы шарт. Мысалы, жаңа отау құрған отбасының ортақ табысы 300 мыңды құраса, олар «Шаңырақ» бағдарламасы бойынша үй ала алмайды. Себебі, 300 мыңды әр отбасы мүшесіне бөлгенде, ері мен әйеліне 150 мыңнан үлестіріледі. Яғни отбасы мүшелерінің айлық табысы бағдарламада көрсетілген жалақы 101 270 теңгеден артық болмауы тиіс.

Осы ретте Гүлмира Сұлтанбаева былай деп пікір білдірді: – Халықты баспанамен қамтитын мемлекет тарапынан нәтижелі бағдарламалар керек. Оның бірнеше категориясын ұсыну қажет. Тұрақты жұмыс істемейтін, әлеуметтік жағынан қорғалмаған азаматтарымыз бар, сондай-ақ аналар категориясы, жұмыспен қамтылмаған, көпбалалы, мүгедектігі бар, жалғызбасты аналар топтары, т.б. тұрмысы төмен әлеуметтік топтар бар. Соларды да баспана бағдарламасының назарына алу керек, – деді Г.Сұлтанбаева.

Елімізде жас мамандардың 75 пайызы баспанамен қамтылмаған. Тірі болып тіршілігін қамдауға кіріскен әрбір азамат үйлі болудың сан мың жолын қарастырып көргені анық. Алайда, табысына тап келетін тұрағын таба алмай әуреке салынады. Мемлекет тарапынан жалақысы қалтасына жүкпайтын жастар үшін қандай бағдарламалар қарастырылған?

2017 жылы Тұрғын үй құрылыс жинақ банкі «Алматы жастары» деген бағдарлама ұсынған болатын. Бұл жоба жоспарында 35 жасқа дейінгі қала тұрғындары жеңілдетілген несиеге ие бола алады делінген. 13 млн. теңгеге дейінгі қаржы жылдық 5 пайыздық үстемекімен беріледі.

Бұл ретте жас маман Мейірман Лес «Алматы жастары» бағдарламасы бойынша баспаналы болғанын айтады:

– Бұл бағдарлама бойынша жас журналистерге, әлеуметтік сала қызметкерлеріне, мәдениеттік қызмет, білім беру, денсаулық сақтау, спорт саласы қызметкерлердің үй алуына мүмкіндігі болады. Аталған жобаның ерекшелігі алғашқы жарна ретінде 1 млн. 300 мың ғана құйдым. Егер ипотекалық несие алушының табысы жеткіліксіз болса, табысы жеткілікті бір адамды гарант ретінде ала алады, – деді М.Лес.

«ЦентрКредитбанкі» ұсынған «Жас отбасы» деп аталатын бағдарлама бойынша 20 жылға дейін бөліп төлеумен үй алуға мүмкіндік берілген. Бірақ алғашқы жарна көлемі 30 пайыздан кем болмауы керек. Бұл 15 миллионға пәтер алғыңыз келсе меншігіңізді 4,5 миллион теңгенің болуы керек деген сөз. Сонымен қатар, ипотеканың пайыздың мөлшері – 16,5 пайызды құрайды.

Сонғы уақытта баспана алуға бет бұрғандардың қатары артып жатқанын байқауға болады. Мысалы, былтыр тұрғындар үй алу үшін депозитке 61 млрд. 700 млн. теңге аударған. Күні кеше 1 млн. 700 мыңнан аса азаматтың «Отбасы» банктегі шотына мемлекеттік сыйақы түсті. 116 мың теңгеден аса ақша 382 мың тұрғынға аударылды. Бұл – мемлекеттік сыйақының ең жоғары мөлшері. Бұл азаматтар былтыр есепшотына кемі 583 мың теңге жинаған. Былтыр 601 мыңнан аса тұрғын баспаналы болу үшін депозит ашқан. Мамандар мұны рекордтық көрсеткіш деп отыр. 34 мың адам зейнетақы қорындағы артық ақшасын осы депозитке аударып үлгерген. Қазір онда 55 млрд. теңге жатыр.



● РЕЙТИНГ

Үздіктер қатарында

Рая
ЕСКЕНДІР

Әлемдік US News & World Report үздік елдер рейтингінде Қазақстан 78 ел ішінен 71-орында тұр. Ranking.kz сарапшылары білім беру саласындағы жұмыспен қамту деңгейін және мұғалімдердің жалақыларын салыстыра келе, осындай топтамға келген сынайлы.

Сарапшылардың пікірінше, танымал рейтингтің көшін АҚШ, Ұлыбритания және Германия бастап тұр. Рейтингтегі ең соңғы орында Гватемала тұр. Рейтингке қатысқан ТМД елдері ішінен Қазақстан тек Өзбекстанды басып озса, Ресей, Украина, Беларусь және Әзербайжан Қазақстанның алдына түсіп кетті. Еліміздегі ең жоғары жалақыны жоғары оқу орны қызметкерлері (299 мың теңге), ең төменгі жалақыны мектепке дейінгі білім беру мекемелерінің қызметкерлері (112,6 мың теңге) алады.

Мәселен, орта білім беру секторында қызметкерлер 246,9 мың теңге, қосалқы білім беру саласында 203,7 мың теңге, бастауыш білім беру мекемелерінде 180,1 мың теңге, білім берудің өзге салаларында қызметкерлер 175,4 мың теңге алады. Өңірлер бойынша ең көп жалақы алатын елорда қызметкерлері екен. Олар 344,5 мың теңге алады. Бұл бір жыл бұрынғыға қарағанда 15,7 пайызға артық. Сонымен қатар, көшбасшылар үштігіне Алматы (265,4 мың теңге) және Алматы облысы (247,4 мың теңге) кірді. Батыс Қазақстан облысының білім беру саласы қызметкерлерінің жалақысы ең азы, олар 181,7 мың теңге алады.

Білім беру саласында жұмыспен қамтылғандардың көпшілігі Түркістан облысында – 142,9 мың адам, жылдық өсім – 3,2 пайыз. Көшбасшы өңірлер үштігіне Алматы облысы (128,6 мың адам) және Алматы (91,2 мың адам) кірді. Солтүстік Қазақстан облысы жұмыспен қамтылғандардың ең соңғы орнында тұр.

● ЖОБА

БАНКРОТТАУ РӘСІМІ
сот арқылы немесе соттан
тыс іске асадыАқтолықын
ТҰРЛЫҒАЗЫ

Банкрот деп танылған азаматтар 5 жыл бойы ешбір банкрот, микроқаржылық ұйымнан несие рәсімдей алмайды. Сондай-ақ, 3 жыл бойы шет елге шыға алмайды.

Банкрот болған азаматтар туралы ақпарат ашық болады. Яғни кім несиеден төлей алмай банкрот болғанын өзге де азаматтар біле алады. «Қазақстан Рес-

публикасы азаматтарының төлем қабілеттілігін қалпына келтіру және банкроттығы мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» заңның жобасында осындай шектеулер енген. 1600 айлық есептік көрсеткішке дейін, яғни 4 900 000 теңгеге дейін несие рәсімдеп, 5 жыл бойы төлей алмаған, атында ешбір мүлкі жоқ азаматтар ғана өзін банкрот деп жариялай алады.

Банкроттау рәсімі сот арқылы немесе соттан тыс іске асады. Алайда, уәкілетті орган несиеге белшесінен батқан азаматты бірден банкрот деп танымайды. Әуелі 6 ай бойы несиеден төлей алмайтынын бақылайды. Яғни банкроттық сұрап отырған азаматтың барлық дерегі көпшілікке де, кредиторларға да ашық болады.

Жарты жыл ішінде борышкер меншігіне мүлік иеленсе немесе мүлкілік жағдайы басқа да жолмен жақсарып, берешегін өз еркімен өтей бастаса банкроттық рәсімін тоқтату туралы өтініш жасауға міндетті. Сол кезде ғана оның ақпараты жойылады. Алайда, 6 ай ішінде жағдайы жақсармаса борышкер банкрот деп жарияланады.

Банкрот болған азаматтың егер алименті болса, өзгенің денсаулығына зиян келтірген өтеуі болса ол міндеттемелерден босатылмайды. Заң жобасында «Азаматтар банкроттық рәсімді 7 жылдан кейін қайта пайдалануға құқылы» деген норманы бекіту ұсынылып отыр.

Сондай-ақ, Қаржы министрлігі мен мәжіліс депутаттарының әзірлеп жатқан заң жобасы әлі талқылап жатыр, сондықтан бұл нормалары өзгеруі де мүмкін. Ал бір басында бірнеше кредиті бар азаматтардың кейбірі бұл заң керек емес десе, кейбірі қажет екенін айтады.



#ЕКПЕАЛ

ВАКЦИНАЛАУ НАУҚАНЫ қарқын алды

13 ақпанда шаһарда коронавирус инфекциясын жұқтырған 382 адам тіркелді. Оның 346-сында симптомдық белгілері бар, ал 36 адамда симптомсыз. Бұл туралы Алматы қаласы Қоғамдық денсаулық басқармасының баспасөз қызметі хабарлады.



Нұржамал
ӘЛШЕВА

Барлық емделіп шыққандар – 33, келіп түскені – 55. Инфекциялық стационарларда (барлығы 3310 төсек-орын) жалпы саны 1211 адам емделіп жатыр, олардың 77-сі бала.

Жалпы реанимация және қарқынды терапия бөлімшесінде – 89 науқас, ӨЖЖ – 23, инвазивті емес ӨЖЖ – 28 адам. High flow-да 18 аппарат жұмыс істейді.

Бүгінгі таңда МСАК пен Телемедицина орталығы дәрігер-

лерінің бақылауында 4703 науқас бар. Олардың ішінде жеңіл және орташа ауырлық дәрежесінде – 4411, симптомсыз 292 науқас тіркелген.

Шаһарда вакциналау науқаны қарқын алған. Кешегі келіп түскен ақпаратқа сүйенсек, Алматы қаласы бойынша бір тәулік ішінде ковидке қарсы екпенің 1-інші компонентін – 415 адам, ал 2-інші компонентті 915 адам салдырған. Жалпы, бытырғы 1 ақпан мен биылғы 13 ақпан аралығында қала бойынша 1-інші дозаны – 1 125 275, ал 2-інші компонентті

1 075 950 адам ектірген. Вакцина алғандардың 124 326-сы 60 жас-тан асқан қарт кісілер.

Бүгінгі таңда Pfizer (Comirnaty) компаниясының екпесімен 49 016 адам егілген. Олардың ішінде 2551 жүкті әйел, 10 776 емізулі баласы бар ана және 35 689 бала мен жасөспірім салдырған. Ал 207 296 алматылық ревакциналаудан өткен.

Бүгінгі таңда медициналық ұйымдарда 119 вакциналау пунктін жұмыс істейді. 140 вакциналау бригадасына 520 медицина қызметкері жұмылдырылған.

ДЕРЕК

Бүгінгі таңда қазақстандық ғылым саласындағы әйелдер саны 10 мыңнан асып отыр. Олардың 714-і ғылым докторы, 2427 әйел – ғылым кандидаты, 992-сі – PhD докторы, 28-і – бейіндік докторлар.

Әйелдер саны артуда



Рая
ЕСКЕНДІР

Бүгінде әйелдер еліміздегі жалпы ғалымдар санының 54%-ын құрайды. Әлемдік індет кезінде ғалым әйелдер күшімен, Күнсұлу Закарьяның басшылы-

ғымен Биологиялық қауіпсіздік мәселелері ғылыми-зерттеу институтында COVID-19-ға қарсы қазақстандық QazCovid-in (QazVac) вакцинасы дайындалды.

Арулар отбасының ғана емес, отандық ғылымның да өркендеуіне үлес қосып жүр.

ТӘРБИЕ

Жырдан медет тапқандар



Алматы қаласы Қылмыстық атқару жүйесі департаментіне қарасты ЛА-155/6 мекемесінің №3 жалпы білім беретін мектебінде Мұқағали Мақатаевтың туған күніне орай мүшәйра ұйымдастырылды.



Нұржамал
ӘЛШЕВА

Мүшәйрада шығармашылыққа жақын жасөспірімдер ақынның өлеңдері мен поэмаларын мәнерлеп, тебірене жатқа оқыды. Сөзіне жазылған сырлы әндерді де орындап, кештің сәнін үстей түсті.

Жалпы, түзеу мекемесіндегі бас бостандығынан айырылған өрендер біз жүрген сыртқы әлемге шықпайды, шығарылмайды. Сондықтан болар, басқа алаңдайтын, елітетін ештеңе жоқ, сабақтарына барады, кітапханаға бас сұғады, көркем шығармалар оқиды. Отбасынан, аяулы адамдарынан жырақта жүрген жазалы жасөспірімдер ондағы кейіпкерлерден, оқиғалардан жандарына сая тауып, көңілдеріне медет тұтағындай. Осындай әдеби, мәде-

ни іс-шаралар десе жанып кететіндері тағы бар.

Олардың әдеби сайысқа бүгін де барлық ықыластарымен дайындалғандары көрініп тұрды. Жасөспірімдердің бұл еңбегі еленді. №3 ЖББМ директоры Зәуреш Оразқызы ілтипатын білдіріп, үздіктерге «Мақтау қағазын» табыстады. Әр оқушының өнеріне жеке-жеке тоқталып, әр баланың бойындағы қабілет-қарымын, ерекшелігін атап өтіп, бағасын берді. Сонымен қатар, №2 кәсіптік мектеп директорының орынбасары Жасұлан Қасымов та лебізін білдіріп, өнерлі өрендерге «Алғыс хатын» табыс етті. Үлкендердің мақсаты – осындай іс-шаралар арқылы аяғын жаза басқан жеткіншектердің жүрегіндегі ізгілік, мейірім сынды қасиеттердің өшпеуіне дәнекер болу.

«ҮЗДІК ЖАСАҚ БАСТЫҒЫ»

Осы балалар колониясында «Үздік жасақ бастығы» сайысы өтті. Байқауға арнайы контингент арасында әлеуметтік-психологиялық тәрбие жұмысы бойынша 1-ші жасақ бастығы әділет капитаны Б.Жақанов, 2-ші жасақ бастығы әділет капитаны Е.Сәбитов, карантин бөлімінің тәрбиешісі әділет аға лейтенанты С.Бектеміров қатысты.

Жарыстың мақсаты – жазасын өтеп жатқан жасөспірімдермен тәрбиелік бағытта жұмыс істейтін жасақ тәрбиешілерінің бірлігін нығайту, беделін көтеру және сотталған балалармен өткізілетін тәрбие жұмыстарының сапасын арттыру. Жасақ жетекшілері күнделікті жұмыс ырғағын, оның ұйымдастырылуын, сабақтарды қалай өткізетінін, жеке сұрақтармен қабылдау сәттерін, жанашыл әдістерін баяндайтын бейнероликтерін ұсынды. Сондай-ақ, алдында отырған адамға күтпеген жерден бір жағдай болып қалса, алғашқы медициналық көмекті қай деңгейде көрсете алатынын бағалайтын сауалдарға жауап берді. Жасақ бастықтарының қызметтік құжаттарды қалай жүргізетіні де сынға түсті.

Нәтижесінде ЛА-155/6 балалар колониясының жасақ бастығы Б.Жақанов қазылар алқасының жоғары бағасына ие болды. Оның «Жасақ бастығының бір күні» бейнеролигі ерекше шыққан. Әсіресе, балалармен қарым-қатынасы, өзара тіл табысуы өзгеше көрініс тапқан. Алғашқы медициналық жедел көмек беру бойынша сұрақтарға да толыққанды жауап берді. Енді ол Алматы қаласы Қылмыстық атқару жүйесі департаментінде өтетін «Үздік жасақ бастығы» сайысына қатысады.

БЕТПЕРДЕ ТАҒУ МІНДЕТТІ

ОҢТҮСТІК КОРЕЯ дәрігерлері бойынша жұқтырып алған коронавирус індеті жеңіл өтіп жатқан азаматтарға үйде қалуға кеңес беріп отыр. Ал медицина мамандарына тек ауру асқынған кезде жүгінуге болады дейді. Таяуда қабылданған қаулының талабы осындай. Бұл ауруханаларға түсетін шектен тыс жүктемені азайту мақсатында жасалған қадам. Бұдан былай емханаларға тек 60-тан асқандар мен қосалқы ауруы бар адамдар жатқызылады. Кейінгі бір күнде елде 54 мыңнан астам тұрғыннан ковид анықталған.

ИСПАНИЯ сыртта жүргенде міндетті бетперде тағу режимін жеңілдетті. Енді испандықтар ашық аспан астында бетпердесіз жүре алады. Ал жабық ғимараттар ішінде және әлеуметтік арақатынасты сақтау мүмкін бол-

маған жерде тағуға міндетті. Бұл елдегі бір тәулікте тіркелген науқастардың саны 1,5 есеге қысқарған.

АУҒАНСТАН елінде эпидемиологиялық ахуал ушыққан. Ковидті емдеуге арналған 38 аурухананың 5-еуі ғана жұмыс істеп тұрған көрінеді. Өйткені, дәрі-дәрмек тапшы. Дәрігерлер жетіспейді. Емдеу мекемелері жылусыз отыр, түнде ғана беріледі. Өйткені, қаржыландыру жағы ақсап тұр. «Қызыл крест» өкілдерінің саралауынша, алдағы айларда медицина мекемелерінің 90%-ы жабылып қалуы ықтимал. Өткен аптада елде КВИ жұқтырғандар саны 67%-ға артып кеткен.

АҚШ жерінде «омикрон» штамы жабайы бұғылардан шықты. Нью-Йорктағы Стейтен-Ай-

лендте ұсталған 131 бұғыдан қан мен жағындылардың кейбір түрлері алынып, нәтижесінде олардың 15%-ынан вирусқа қарсы антиденелер анықталған. Демек, жануарларда бұрын ковид инфекциясы болған. Мамандар енді коронавирустың жаңа штамы бұғылардан жұғуы мүмкін деп отыр. Ал АҚШ-та 30 млн. бұғы бар көрінеді.

ӘЛЕМ халқының 50%-ы вакцина салдырған. Дегенмен, күн-көріс деңгейі төмен мемлекеттерде екпенің бір дозасын қабылдағандардың үлес салмағы 10% шамасында ғана екен. Нақтырақ айтсақ, Еуропада иммундау көрсеткіші жоғары болса, Африка елдерінде тұрғындардың 11%-і ғана ковидке қарсы вакцинаның екі дозасын алған екен. Осы ретте сарапшылар препаратты бөлу деңгейі мәселесі әлі жойылмағанын айтып, бұған қоғамның назарын аударуға шақырып отыр.

Әзірлеген
Нұр ЖАМАЛ.



ЭКОЛОГИЯ

ХАЛЫҚ ДЕНСАУЛЫҒЫ – ҰЛТ БАЙЛЫҒЫ

көктайғаққа қарсы күресу үшін ас тұзын пайдалануға тыйым салынады

Алматы қаласы бойынша экология департаменті атмосфералық ауаның шамадан тыс ластануына, мегаполис аумағында стихиялық қоқыстардың пайда болуына және басқа да экологиялық проблемаларға байланысты дабыл қағып, қалалық әкімдікке бірнеше рет мәселелерді шешу үшін нақты қадамдар көрсетілген хат жолдаған.



Айжан
БҮРКІТБАЕВА



Департамент мамандары қала үшін маңызды экологиялық проблемаға қысқы кезеңде көшелердегі көктайғаққа қарсы күресу үшін ас тұзын пайдалануды да жатқызады. Мамандардың пікірінше, бұл жағдай экологиялық апатқа әкелуі мүмкін. 2021 жылдың соңында департамент «Алматы тазалық» ШЖҚ МКК қызметіне профилактикалық бақылау жүргізіп, экологиялық заңнама талаптарының бірқатар бұзушылықтарын анықтаған.

«Алматы тазалық» барлық өндірістік базаларына берілген мемлекеттік экологиялық сараптаманы аталған компания қыс мезгілінде көктайғақтың алдын алу үшін қала жолдарында тұз (күм-тұз қоспасы) себеді. 2021 жылы компания 24 345 076,87 кг (24 345,1 тонна) көлемінде тұз сатып алған екен. Бұл экологиялық қауіпсіздік талаптарын өрескел бұзу болып табылады. ҚР Экологиялық кодексі бабының тармақшасында құқық бұзушылық туралы нақты көрсетілген: «елдімекендерде көктайғаққа қарсы күресу үшін ас тұзын пайдалануға тыйым салынады».

Бұл жағдайды экологтар «елдімекенде ас тұзын қолдану оның топырақ-жеміс қабатында жиналуына және минералдану (тұздану) деңгейінің жоғарылауына әкеледі, бұл сайып келгенде өсімдіктерге және тұтастай алғанда қаланың экожүйесіне және оның тұрғындарының денсаулығына теріс әсер етеді», – дейді. Сонымен қатар, компания күзгі-қысқы кезеңде қала көшелерін тазарту кезінде аудан аумақтарында топырақтың ластануына әкелетін қар жинау пункттерін (қар үйінділері) ұйымдастырады. Сондай-ақ, өндірістік база аумағында күн сайын қала көшелерінде және

коқыс жәшіктерінен жиналған қоқыстар Алматы облысында орналасқан полигонға тасымалданады. Экологтардың ақпараты бойынша қалдықтарды уақытша сақтау алаңында қалдықтарды жинау фракциялар бойынша бөлмей, жою жолымен жүзеге асырылады. Бұл да ҚР Экологиялық кодексі баптарының талаптарын бұзу болып табылады.

Бұдан басқа, «Алматы тазалық» өндірістік базаларында мемлекеттік экологиялық сараптама қорытындыларында қалдықтарды басқару бойынша операцияларды жүзеге асыру қарастырылмаған. Компанияның мәліметтері бойынша, 2019–2021 жылдар аралығында 206 700,68 текше метр қалдық жиналып, тікелей қалалық көму полигонына тасымалданған.

Сондай-ақ, ұйым 61 автокөлікке аспаптық өлшеулер жүргізілді. Өлшеу нәтижелеріне сәйкес нормативтен асып кету 17 автомашинада тіркелген, бірақ соған қарамастан олардың барлығы пайдаланылып келген. Мекеме балансында 700-ден астам автокөлік бар. Тексеру қорытындысы бойынша департамент құқық бұзушылықтарды жою туралы нұсқама берді. Сондай-ақ, қала әкімінің атына «Алматы тазалық» қызметіндегі құқық бұзушылықтарды жою үшін шаралар қабылдау туралы хат жолданды. Сонымен қатар, департамент «АҚ Тәртіп» ЖШС қызметіне профилактикалық бақылау жүргізіп, нәтижесінде экологиялық заңнама талаптарының бірқатар бұзушылықтары анықтаған. Аталған компанияда жиналған қалдықтарды кәдеге жарату толық көлемде орындалмаған. Өндірістік қалдықтар ашық аспан астында белгіленбеген жерде базаларға жиналған.

Сондай-ақ, кәсіпорынның 105 автокөлігіне аспаптық өлшеулер жүргізілді. Нәтижелерге сәйкес нормативтердің асып кетуі 23 автокөлікте тіркелді. Естеріңізге сала кетейік, Ұлттық қоғамдық сенім кеңесінің отырысында Қазақстан Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев «біздің елімізде экологиялық проблемаларға тап болмаған бірде-бір өңір жоқ. Қазіргі жағдай бізді ең шешуші әрекетке шақыратын дабыл сигналы деп санаймын. Қоғамда жаңа экологиялық мәдениетті қалыптастыру үшін ауқымды экологиялық ревизия жүргізу міндеті тұр», – деген болатын.

Осыған байланысты департамент экологтары «ең күрделі экологиялық жағдайда халықтың денсаулығын сақтау маңызды» деп санайды.

САҚ БОЛЫҢЫЗ!

Жұқалтаң мұз қауіпті



Динара
МҰРАТ

(Соңы. Басы 1-бетте)

Алатау ауданында «Томирис» ықшам-ауданындағы көл, «Қарасу» ықшамауданы мен «Байбесік» ықшамауданындағы тоғандар қауіпті деп танылды. Жетісу ауданында «Кемел» ықшамауданындағы Бірінші май тоғандары ғана тізімге енген. Медеу ауданына қарасты «Көлсай» ықшамауданындағы атауы жоқ суқойма мен «Сұлусай» ықшамауданындағы Юннаттық көл де қауіптілер қатарында. Ең көп қауіпті су қоймалары Түркісіб ауданында орналасқан: әуежайлық көл, Қарасу өзені сулары, Пархач көлі, «Қайрат» ықшам-ауданындағы тоған. ТЖД баспасөз қызметі ауа райы бұзылып, күн суыта бастаса да, кейбір азаматтар жұқа мұздың өте қауіпті екенін ұмытып кететінін атап өтті. Ата-аналар мен үлкендердің қарауынсыз қалған балалар қауіпсіздік шараларын білмей, жағалауда ойнайды, кейде су қоймаларының мұзында коньки тебеді.

Қыс мезгілінде су айдындарында қаза болу мен жаракаттануды болдырмау үшін ТЖД қызметкерлері РЖҚТ құтқарушыларымен бірлесіп су айдындарына мониторинг және патрульдеу жүргізеді. Құтқарушыларға ҚР Ұлттық гвардиясының патрулі де қосылды, жалпы 40-тан астам адам жұмылдырылды. Мониторинг кезінде балықшылар анықталған жоқ. Әуежай көлінің шығыс жағында бос уақытын өткізетін аудан тұрғындарымен профилактикалық жұмыстар жүргізіліп, жадынамалар мен нұсқаулықтар таратылды. Сонымен қатар, әртүрлі ТЖ барысында оқушылар қауіпсіздік шараларын біліп жүру үшін ТЖД қызметкерлері үнемі интерактивті сабақтар өткізеді. Тек қыс айларының өзінде қаланың 224 мектебінің 14 мыңнан астам оқушылары құтқарушылардың дәрістерін онлайн-режимде тыңдады.

Алматы қаласы бойынша ТЖД азаматтарға балаларды қараусыз қалдырмауды ескертеді, сондай-ақ оларға мұзда болу өте қауіпті екенін, әсіресе ойын ұйымдастырудың салдары ауыр болатынын айтып, күн сайын дәріс өткізеді.

БЕЙЖІҢ–2022

Жүлдеге бір қадам жетпеді

13 ақпан күні олимпиадада шорт-тректің шешуші кезеңдері өтті.



Қазақстан Олимпиада құрамасының ту ұстаушысы Абзал Әжғалиев шорт-тректен 4-ші орын алды. Жерлесіміз 500 метрге финалдық жарыста осы олимпиадада екі медаль жеңіп алған венгр чемпионы Лю Шаоан, канадалық Стивен Дюбуа, итальяндық Пьетро Сигель және ресейлік Константин Ивлиев сынды даңқты спортшылармен бақ сынасты.

Финал отандасымыз үшін сәтті басталды. Бірақ соңғы айналымда канадалық спортшы Абзалдан бір қадамға озып кетті. Абзал Әжғалиев 40,869 секунд көрсеткішпен мәреге 4-ші жетті. Венгриялық Лю Шаоанг 40,338 секунд көрсеткішпен олимпиада чемпионы атанды. Екінші орынға ресейлік Константин Ивлиев, ал үшінші орынға канадалық Стивен Дюбуа жайғасты.

Бұл спорт түрінен Қазақстан намысын қорғауға Абзал Әжғалиевпен қатар Денис Никиши мен Әділ Ғалиахметов те қатысты.

Өкінішке қарай, Әділ Ғалиахметов ширек финалда, Денис Никиша жартылай финалда жарыстан шығып қалды. Дегенмен, үш спортшымыз да үздік ондықтар қатарына енді. Бұл шорт-тректе еліміз үшін тарихи көрсеткіш.



АРНАЙЫ ЖОБА

«Күміс жас» жоспарлануда

ҚР Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі зейнеткерлік жас алдындағы жұмыссыз адамдарды жұмыспен қамту мақсатында «Күміс жас» арнайы жобасын іске қосуды жоспарлап отыр.



Ақтолықын
ТҰРЛЫҒАЗЫ

Бастаманы іске асыру 2021–2025 жылдарға арналған кәсіпкерлікті дамыту жөніндегі ұлттық жоба шеңберінде жүргізілетін болады, деп хабарлайды ҚазАқпарат ҚР Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің баспасөз қызметіне сілтеме жасап. Жыл сайын жоба 5 мың адамды қамтиды деп күтілуде.

Қазіргі уақытта «Күміс жас» жобасын ұйымдастыру және қаржыландыру тәртібін регламенттейтін нормативтік құқықтық актіні (бұдан әрі – НҚА) әзірлеу бойынша жұмыс жүргізілуде. НҚА-да жұмыс берушілер мен қызметкерлерге қойылатын бірқатар талаптар көзделетін болады. Осылайша жобаға бір жылдан астам уақыт бойы жұмыс істеп келе жатқан және тұрақты салық және басқа да әлеуметтік аударымдар жүргізетін, сондай-ақ

жалақы бойынша мерзімі өткен берешегі жоқ барлық меншік нысанындағы кәсіпорындар мен ұйымдар қатысады.

«Күміс жас» жобасы бойынша жұмыс орындары тұрақты жұмыс орындарынан тыс және тұрақты жұмыс орындарына арналған бос жұмыс орындарынан тыс құрылатын болады. Мұндай жұмыс орындары ауыр жұмыстарда, еңбек жағдайлары зиянды және (немесе) қауіпті жұмыстарда және ұлттық кәсіптер сыныптауышына сәйкес біліктілігі төмен қызметкерлердің 9-тобына жататын мамандықтар/кәсіптер бойынша құрыла алмайды.

Жобаға қатысу мерзімі 12 айдан аспайды және қатысу кезеңінде халықты жұмыспен қамту орталығы зейнет жасы алдындағы адамдар жалақысының бір бөлігін бюджет қаражаты есебінен субсидиялайды. Жалақыға берілетін ай сайынғы субсидия мөлшері жалақы мөлшерінің 50%-ын құрайды, бірақ экологиялық үстемеақылар бойынша төлемдерді есепке алмағанда, салықтарды, міндетті әлеуметтік аударымдарды, пайдаланылмаған еңбек демалысына өтемақыларды және банк қызметтерін ескере отырып, 30 АЕК-тен аспайды. Қатысу мерзімі аяқталғаннан кейін жұмыс беруші зейнеткерлік жас алдындағы адамды зейнеткерлікке шыққанға дейін тұрақты жұмыс орнына жұмысқа орналастырады.



«АЛМАТЫ МЕКТЕПТЕРІ»

Ұстаздар курсы

Алматыда EdCrunch Academy және қалалық әкімдік өкілдерінің ұйымдастыруымен «Алматы мектептері» бағдарламасы аясында мұғалімдерге арналған 3 күндік интенсивті курс басталды.



Айжан
ШАЛАБАЙҚЫЗЫ

50-ге тарта мектептің мұғалімі қатысқан курста білім беру үдерісіндегі жаңа тәсілдер үйретілмек.

«Бұл курста жаңа платформалармен жұмыс істеуді білеміз, үйренеміз. Оны тек өзіміз үйренбей, ұжыммызға да үйрететін боламыз», – деді мұғалім Динара Сапарова.

Еске салайық, бұған дейін қалада білім беру қызметкерлерінің кадрлық әлеуетін дамыту бойынша «Алматы мектептері» бағдарламасы іске қосылған еді. Жоспар бойынша, 2024 жылға дейін 10 мыңнан астам педагог пәндік білім, цифрлық технологиялармен қатар оқушылардың функционалдық сауаттылығын дамыту саласында кәсіби қайта даярлаудан өтеді.

«Ұстаздарымыз жаңа технологияларды қолдана отырып, әлемдік стандарт бойынша оқытады. Мысалға, функционалдық сауаттылық курсы PISA стандарттары бойынша оқушылардың білім деңгейін арттыруға негізделген. Қазіргі таңда біздің ұстаздарымыз сол курстарды өтуде», – деді ұйымдастырушы Бүлсайран Базарқызы.



«Almaty aqshamy» газетіне 2022 жылға жазылу жүріп жатыр!

«ALMATY AQSHAMY» – алматылықтардың да, еліміздің барлық дерлік өңірлеріндегі оқырмандарымыздың да асыға күтетін, сүйіп оқитын басылымы! Қазақ сөз өнері мен журналистикасының дәстүрлі мектебі!

«ALMATY AQSHAMY» жарияланымдары мектептерде, колледждер мен университеттерде оқылады, әлеуметтік желілерде зерделеніп, талқыланады.

БІЗ газетімізді асыға күтетін оқырмандарымызбен және тұрақты авторларымызбен әрдайым БІРГЕМІЗ!

«Almaty aqshamy» газетіне «Қазпошта» АҚ Алматы поштамты бөлімшелерінде Телефон: 261-59-11. «Евразия Пресс» агенттігі, «Эврика Пресс» пен «Дауыс» ЖШС-нің өкілдіктерінде жазылуға болады.

Бізді almaty-akshamy.kz сайтынан да оқыңыздар!

«ALMATY AQSHAMY» ГАЗЕТІНЕ 2022 ЖЫЛҒА ЖАЗЫЛУ ИНДЕКСТЕРІ:

65503 (жеке жазылушылар үшін) 1 айға – 600,50 теңге // 3 айға – 1801,50 теңге // 6 айға – 3603 теңге // 10 айға – 6005 теңге
15503 (кәсіпорындар мен ұйымдар үшін) 1 айға – 1620,50 теңге // 3 айға – 4861,50 теңге // 6 айға – 9723 теңге // 10 айға – 16205 теңге
95503 (зейнеткерлер, мүгедектер мен ҰОС ардагерлері үшін) 1 айға – 440,50 теңге // 3 айға – 1321,50 теңге // 6 айға – 2643 теңге // 10 айға – 4405 теңге

Анықтама үшін телефондар: 8 (727) 232-36-51; 8 (727) 232-36-56.

ОҚЫРМАН НАЗАРЫНА! ●



Бас директор –
Төлеміс КҮЛМҰХАМЕДОВ

Қабылдау бөлмесі:
232-36-61.

Бас редактор –
Төрехан ДАНИЯР
тел.: 232-36-53

Бас редактордың
орынбасары –
Әнуарбек ӘУЕЛБЕК

Жауапты хатшы –
Роза РАҚЫМҚЫЗЫ

Жаңалықтар мен ақпарат
бөлімінің редакторы –
Рая ЕСКЕНДІР

Қала тынысы бөлімінің
редакторы –
Нұржамал ӘЛІШЕВА

Шаһар шаруашылығы және
тұрғын үй-коммуналдық
шаруашылық бөлімінің
редакторы –
**Құралай
ИМАНБЕКҚЫЗЫ**
тел.: 232-36-54.

WEB-редакция жетекшісі –
Дәурен ДҮЙСЕБАЕВ,
тел.: 232-36-64.

Коммерциялық директор –
Куаныш ДЮСКАЛИЕВ,
тел.: 232-36-51.
e-mail: d_kuanys@mail.ru

Жарнама бөлімінің
менеджері –
Дана ӘЛІМШ,
тел.: 232-36-56. e-mail:
dalemesh@vecher.kz

Тарату бөлімінің менеджері –
Сабина ЖАБЫКАНОВА
тел.: 232-36-56. e-mail:
zhbknnv@mail.ru

**Шығармашылық даму
жөніндегі кеңес**

Кеңес төрағасы –
Олжас СҮЛЕЙМЕНОВ

Кеңес мүшелері:
Мұрат ӘУЕЗОВ,
Сағымбай ҚОЗЫБАЕВ,
Сейітқазы МАТАЕВ

Газетті жеткізу бойынша
шағымдар болса «Қазпошта» АҚ
Алматы почтамтына: 259-88-99
(ішкі 20500, 20018) телефонда-
ры арқылы хабарласыңыз



Республикаға тарайтын қо-
ғамдық-саяси қалалық басылым.

Меншік иесі:
«Alatay Aqparat» ЖШС.
alatayaqparat@mail.ru
Мекенжайымыз:
Индекс: 050022.
Шевченко көшесі, 106 А.

Газет сейсенбі, бейсенбі, сенбі
күндері шығады.
**Апталық
таралымы – 15 663**

Кезекші редактор –
Айжан БҮРКІТБАЕВА

Газет Қазақстан Республикасы-
ның Ақпарат және қоғамдық
даму министрлігінің
Ақпарат комитетінде тіркелген.
Тіркеу туралы
№КЗ80VPY00026040
куәлігі 19.08.2020 жылы
берілген.

Газет «Almaty aqshamy»-ның
компьютер орталығында
теріліп, беттелді.
Суреттердің сапасына
редакция жауапты.
Жарнама мәтініне жарнама
беруші жауап береді.
Автордың мақалалары
редакция көзқарасын білдір-
мейді.
Газет «Дәуір» ЖШС РПБК-де
басылды. 050044, Алматы
қаласы, Қалдаяқов көшесі, 17.
Тел.: 273-50-53
Офсеттік басылым,
көлемі 2 баспа табақ.

● ЖАҚЫНЫҢА ЖАНАШЫР БОЛ!

Қазақстан Республикасы
Денсаулық сақтау министрлігі

2022 ЖЫЛҒЫ 14 АҚПАНДАҒЫ
МӘЛІМЕТ БОЙЫНША ҚАЗАҚСТАНДА PFIZER
ВАКЦИНАСЫН АЛҒАН АДАМДАР САНЫ

Барлығы:

I компонент: 745 954
II компонент: 451 996

Жасөспірімдер	Жүкті әйелдер	Бала емізетін аналар
I компонент: 617 490 II компонент: 372 303	I компонент: 28 887 II компонент: 19 284	I компонент: 95 378 II компонент: 60 367

● ҚАПЕРІҢІЗДЕ БОЛСЫН!

«Almaty aqshamy» газеті Нұр-Сұлтан мен Алматы қала-
ларына, сондай-ақ, Алматы, Ақтөбе, Атырау, Шығыс Қазақстан,
Жамбыл, Батыс Қазақстан, Қарағанды, Қызылорда, Қостанай,
Маңғыстау, Павлодар, Солтүстік Қазақстан, Түркістан облыстарына
тарайды.

ЕГЕР:

- * мекемеңіздің, компанияңыздың жұмысы ілгерілесін десеңіз;
- * бизнесте мол табысқа қол жеткізгіңіз келсе;
- * әр бастаған ісіңіз сәттілік пен пайда әкелсін десеңіз

«Almaty aqshamy» газетіне
ЖАРНАМА беріңіз де, ТАБЫСКЕР болыңыз!

«Almaty aqshamy» Жарнама бөліміне хабарласып, қажетті ақпаратты
мына телефондар арқылы ала аласыздар:
8 (727) 232-36-51; 8 (727) 232-36-56.

ҚҰРМЕТТІ ОҚЫРМАН!

ЕГЕР:

- * құттықтау, хабарландыру, еске алу жариялау ниетіңіз болса;
- * құжаттарыңызды жоғалтқаныңыз, жеке кәсіпкерлік қызметті тоқтат-
қаныңыз туралы, мұрагерлік және басқа да ресми құжаттарды рәсімдеу
жайлы хабарлама жасау қажеттілігі туса, БІЗГЕ хабарласыңыз!

Барлық сауалдар бойынша жұмыс күндері сағат 9.00-ден 18.00-ге
дейін

«Almaty aqshamy» Жарнама бөліміне хабарласыңыздар:
8 (727) 232-36-51; 8 (727) 232-36-56.

● ДҮНИЕ–ДҮРМЕК

Пестицидтен бас тартпақ

Еуропалық елдер
өсімдіктерді зиянкестер
мен аурулардан қорғай-
тын синтетикалық пес-
тицидті бақтарға пайда-
ланудан бас тартпақ.

Бұл туралы islam.kz
порталы The Guardian ақ-
парат көзіне сілтей оты-
рып мәлімдеді. Ұлыбри-
тания билігін де химикаттарға тыйым салуға шақырды.
Әзірге олар химикаттарды қолдануды 50 пайызға дейін
азайтпақ. Пестицидті пайдалануға қарсы Ұлыбританияда
70-ке тарта қала тұрғындары шыққанымен әлі ресми ты-
йым салынбай отыр.

«Еуропалық одақта пестицидтерді ұдайы пайдалану
жөніндегі комиссияның ұсынысы негізсіз емес. Бір жағы-
нан, еурокомиссия ескі директиваның мемлекетке көп
еркіндік беріп қойғанын да мойындайды. Сол себепті, ко-
миссия оны регламентке айналдырғысы келеді. Екінші
жағынан, комиссия мұндай игі идеяны жүзеге асыратын
шаралардың жеткіліксіздігін алға тартады, – деді Еуро-
парламент депутаты Сара Винер. Өткен 2021 жылдың
шілде айында Англияның көп бөлігінде, дәлірегі, қалалық
жерлерде дала гүлдерінің жайқалып өсуіне жағдай жасау
үшін шөп орылмаған болатын. Мұндай бастаманы осыдан
бірнеше жыл бұрын Plantlife қайырымдылық ұйымы қолға
алған болатын.

Демек, біздің елге де осындай шаралар өте қажет. Егер
біз өз елімізде өсетін қияр, қызанақтардың табиғи жұғым-
ды дәмі жоқтығын ескерсек, пестицидтер сіңген көкөніс
жеп жүруіміз әбден мүмкін. Ауру сатып алып жүрме-
генімізге кім кепіл?!

Чиптелген кілем төселді

Медина-
дағы пай-
ғамбар (с.а.с)
мешітінің
ауласында
мұсылман-
дар намаз
оқитын қы-
зыл кілем-
дер 12 000
жаңа жасыл
кілемдермен
алмасты-
рылды.



Кілемдер жамағатқа ыңғайлы болу үшін техникалық
стандарттарға сәйкес дәл жасалады. Олар жиі қолдануына
қарай қалыңдығы мен беріктігімен, сондай-ақ жұмсақ
жүнмен және тазарту кезінде жуылмайтын тұрақты түс-
термен ерекшеленеді. Әр кілемде оның өндірісі, қолданы-
луы, орналасқан жері және жуу уақыты туралы ақпаратты
камтитын жүйеге қосылған электронды чип бар.

Деректерді штрих-кодқа жазуға болады, бұл кілем-
дердің күйін бақылауға және олар туралы ақпаратқа оңай
қол жеткізуге мүмкіндік береді.

Дайындаған Әсел ДАҒЖАН.

Алматы қаласы Әуезов ауданы әкімінің аппараты және
аудандық Ардагерлер кеңесі Ұлы Отан соғысының арда-
гері, ұрпақтары мен шәкірттеріне өзінің артынан ізін
қалдырған, 103 жасқа толып өмірден озған
Байтұма ТҰРАҰЛЫНЫҢ
қайтыс болуына байланысты туған-туыстарына қайғысы-
на ортақтасып, көңіл айтады.



ЭКОАХУАЛ

Табиғат зардап шегуде



Әлемдегі жағалаудың тек 16%-ы ғана адам әрекетінен бүлінбеген.

Австралиялық ғалымдар адамзаттың әлемдік мұхитқа және құрлыққа тигізген әсерін бағалады. Әрі планетаның жағалау аймақтарына байланысты адам факторының салмағына қатысты карта жасады. Бұл жайында islam.kz порталы The Conversation ақпарат көзіне сілтеме жасай отырып мәлімдеді. Аталмыш аймақтардағы экологиялық

жүйе балансы күйреу алдында тұр. Адамзат жағалауды күтіп ұстамаса немесе жағалау табиғатына, жалпы қоршаған ортаға қатысты мәдениетін қалыптастырмаса, олардың қалпына келуі ескіталай.

Зерттеу нәтижесі нені көрсетті:

□ Адамзаттың шамамен 74%-ы жағалаудан 50 шақырым қашық жерде тұрып жатыр;

□ Антропогендік фактордан әлем бойынша жағалаудың 47,9%-ы қатты зардап шеккен;

□ Әлем елдерінің 84%-да жағалау аудандарының жартысынан астамы деградацияға ұшыраған;

□ Адамзат әрекетінен қорғауға алынған жағалау аудандарының шамамен 43%-ы зардап шеккен;

□ Планетаның тек 15,5% жағалауы ғана адам әсеріне ұшырамаған;

□ Адамзат бүлдірмеген жағалау аудандарының көбісі Канада, Ресей, Гренландия, Австралия, Индонезия, Папуан-Жаңа Гвинея, Чили, Бразилия және АҚШ-та.

КӘСІПКЕР

Патшайым бизнеске кірісті

100-ге таяған Елизавета II патшайымның өмірге құштарлығы сонша, ол өзінің жеке бизнесін ашты.

Ұлыбритания патшайымы енді зерікпейді. Өзінің 96 жасында Елизавета II тұздықтар өндірумен айналыспақшы болып жеке бизнесін ашты. Жасы 100-ге таяса да, кәсіпке қызығушылық танытқан кейуанының бұл шешімі көпшілікті таңқалдырды.

The Sun порталының хабарлауынша, патшайымның кетчупі таңғы асқа немесе күннің кез келген уақытында қолдануға өте ыңғайлы және ол құрма, алма шырыны мен дәмдеуіштермен хош иістендірілген. Ал қоңыр соусы стейкке арналғандай, оның құрамы сірке суы мен дәмдеуіштермен толықтырылған. Барлық дәмдеуіштер Норфолктегі Патшайымның иелігінде дайындалған және тек таңдаулы ингредиенттерден тұрады. Сатылымға шығатын уақыты әзірге белгісіз.



Айтпақшы, бұл патшайымның алғашқы кәсібі емес. 2020 жылы ол виски жасайтын өзінің алкогольдік брендин шығарған болатын.

Биыл ақпан айында Ұлыбритания патшайымы Елизавета II билікке келгеніне 70 жыл толды.

ЖАҢАН ЖҰМБАҚТАРЫ

Мұхитты зерттемек

Бүгінде мұхит түбінің тек 20 пайызы ғана картаға түсірілген.

ЮНЕСКО 2030 жылға қарай бұл көрсеткішті 80 пайызға жеткізбек. Бұл туралы БҰҰ жаңалықтар сайты мәлімдеді.

Мұхитқа қатысты зерттеулер қолданбалы ғылымның ең перспективалы бағыттарының бірі болғанымен, мемлекеттер мұхитқа зерттеу бюджетінің орта есеппен тек 1,7 пайызын ғана жұмсайды. Бұл ғылыми зерттеулердің басқа салаларынан әлдеқайда аз. Теңіз түбінің тереңдігі мен рельефін білу мұхит бұзылыстарын, ағыстарды және толқындарды түсіну үшін өте маңызды. Бұл деректер сейсмикалық және цунами қаупін болжауға, сондай-ақ қорғауды қажет ететін табиғи ерекшеліктер мен балық ресурстарын анықтауға көмектеседі. Бұл білім инфрақұрылым нысандарының құрылысын



жоспарлау және мұнай төгілулері, ұшақ апаттары және теңіз апаттары сияқты апаттарға тиімді әрекет етуді әзірлеу кезінде де өте маңызды.

Дайындаған Әсел ДАҒЖАН.

АСТРОНОМИЯ

ТІРШІЛІК ҒАЛАМШАРЫ



Айжан
БҮРКІТБАЕВА

Британдық ғалымдар «ақ ергежейлі» орбитасынан тіршілікке қолайлы ғаламшарды анықтады.

Британияның астрономиялық қоғамының бюллетенінде жарияланған зерттеу нәтижесіне сай, ғаламшар «ақ ергежейлі» жұлдыздың орбитасынан табылған. Егер ғалымдардың нәтижелері нақтыланса, бұл осындай жұлдыз орбитасындағы тіршілікке қолайлы бірінші ғаламшар болмақ.

«Біз «ақ ергежейлі» айналасында мұндай құбылысты бірінші рет бақылап отырмыз. Сол себепті, оның орбитасын айналатын ғаламшарда тіршілік болуы мүмкін. Енді астрономдар басқа «ақ ергежейлілер» айналасында жаңа ғаламшарларды іздеуі керек. Аспанда бір нәрсе анықталып жатса, ол жалғыз емес дегенді білдіреді. Бұл – астрономиядағы қалыпты жағдай», – дейді зерттеу жетекшісі, Лондон университеттің колледжінің профессоры Джей Фарихи.

КӨҢІЛ КҮНДЕЛІГІ



«Адамнан ауыл көшпейді»



Олжас
ЖОЛДЫБАЙ

Шіркін, Сырдың бойы нулы да сазды, ғажап қой. Құдды джунгли дерсіз. Біз «Мешеуіл» деп кеткенбіз.

Ит тұмсығы батпайтын қалың тоғай. Көп жылдар қоржын тамда отырдық. Әкей – ұзын бойлы, қияқ мұртты, қарулы, көнбіс, қолы шебер жан. Есімі – Мұратбек. Көпшілік «Мұрат» дейді. Ол кісі үйдің айналасына бау-бақша екті. Оны мотормен суғаратын. Жүзім, шабдалы, қауын-қарбыз өсіретін. Ал қыста Шиеліге тракторға отын тиіп, сататын. Өзінің көк белсебеті (велосипед) болатын. Сонымен, аудан орталығына көктемде шешей даярлаған, айран-сүт, құрт-майды сатып күнелтетін. Арасында дарияға ау, қармақ құратын. Таң бозымен соны бақылап келетін. Таза еңбек. Жаңалықты радиодан білетінбіз. Құдды аралдағы өмірдей. Оқта-текте ток мотормен жарық қосатын. Балалар жағы мультфильм, кино көргенімізге мәзбіз. Мылтықты да жақсы ататын. Оналтылықты үнемі оқтап, қырғауыл, үйрек қонақтар уақытқа шығатыны есімде. Бірақ балапандайтын маусымда тиімейтін. Мұнысы – обал-сауапты білгендігі екен ғой. Онысын осы күні білудеміз. Сонынан ойнақшып, Тузик пен Рекс атты итеріміз қалмайтын. Нағыз фольклорлық аңыздардағы адамға ұқсайды. Құтты мекеннен бәріміз «Телікөл» ауылына қоныс аудардық. Барлық тарих адам кеткеннен соң сөгендей. Қимайсың!

Бірде «Мешеуілге» әкей екеуміз барып қалдық. Астымызда ақ «Жигули». Ескі техника болса да, намысқа тырысып апарып әкелді. Әкей қайтарда осы өлкені аңсайтынын, сағынышын айтып, бір тебіреніп алды. Қарап тұрсақ, өмірінің 15-16 жылы, жастық шағы сонда өтіпті. «Ауылдан адам көшкенмен, адамнан ауыл көшпейді» деген сол шығар, бәлкім...

ЕЗУТАРТАР

Ұрының кінәсі жоқ па?!

Бірде Қожанасырдың қорасына ұры түсіп, тауығын ұрлап кетіпті. Көрші-қолаң жиналып:

– Қожеке, қораны дұрыстап қымтау керек қой. Ашық-шашық қораға ұрының көзі түспегенде кімнің көзі түседі? – депті. Екіншісі: «Қожеке, бір ит асырайтын уақыт болды ғой. Ұры-қарыда ақымақ емес, иті жоқ үйді аңдиды», – деген, үшіншісі: «Қожеке-ау, бар кінә өзіңнен. О баста биік етіп салу керек еді», – деп, барлығы кінәлай жөнеліпті. Қожанасыр ашуланып кетіп:

– Сонда немене, ұрының түк кінәсі жоқ па?! – деп күйінген екен...



ТАБАНДЫЛЫҚ

«Талпынған жетер мұратқа»

Қазір адамдар әмбебапқа айналды. Бір сәтте бірнеше жұмыс істейді. Сөйтіп, табысын арттырады. Мұны заманның өзі талап етіп тұрғандай.

Мақсатқа жету үшін жігер керек. Әлемнің екінші ұстазы Әбу Насыр әл-Фараби бабамыз «Талпыныс тәжі – табандылық» депті. Бүгінгі заманға дәп айтылған тәмсіл деп түсінеміз. Өйткені, қарбалас, бірінен екіншісі басып озып бара жатқан заманда адамға ең қажетті қасиет осы болып тұр.

Жігерлілік жасында қаттырақ байқалады. Жастар – жігер мен күш-қуаттың иесі. Олар үнемі бастамашыл, тәуекелшіл келеді. Бұрынырақта үлкендер жағы «жас кезде адам батыр болады» дейтін. Соның терең мағыналық астары бар. Дүние жүзіне танымал Alieexpress корпорациясының иесі Джек Ма 38 рет тәуекелден құлапты. Бірақ сағы сынбады. Идеяларын қайта жандандырды. Нәтижесінде баршаға танымал ауқатты адам болды. Қаржы секторында Азия төңірегінде оның алдын орап тұрған адам жоқтың қасы. Мұның бәрі табандылық.

Біздер бірнеше мәрте бай адамдар туралы айттық. Соның бірі – Илон Маск. Tesla



туралы айтсақ, оны білмейтіндер некен-саяқ. Жерді былай қойып, Марсқа тіршілік орнатпақ. Осының бәрі – ізденімпаздықтың арқасы. Ал олардың жас кезінде күніне бірнеше доллар ақшаға күн көргенін бүгіндері біреу білсе, біреу білмейді. Еңбек етті, қатты талпынды. Мақсаттарына жетті.

Халқымыз әр уақытта «Талпынған жетер мұратқа» деп текке айтпаған. Жастар қайрат-күшін нәтижелі мұратқа жұмсар болса, биікті бағындырары сөзсіз.

Дайындаған Олжас МҰРАТБЕКҰЛЫ.